190.	теория дифференциальных ассоциаций	дифференциал ассоциациялар теориясы
191.	дисфункциональные нормы	дисфункциялы нормалар
192.	религия	дін
193.	религиозная экономика	діни экономика
194.	религиозность	діншілдік
195.	сектор второго уровня	екінші деңгейдегі сектор
196.	вторая группа	екінші топ
197.	добровольные сообщества	ерікті қоғамдастықтар
198.	ложное принуждение	жалған мәжбүрлеу
199.	уникальная платежная система	бірегей төлем жүйесі
200.	общие институты	жалпы институттар
201.	обобщенное иное	жинақталған өзгелік
202.	косвенная модель наследования	жанама мұрагерлік үлгісі
203.	новые религиозные движения	жаңа діни қозғалыстар
204.	объявленные функции или дисфункция	хабарланған функциялар немесе дисфункция
205.	половой сценарий	жыныстық сценарий
206.	институционализованный расизм	институттандырылған нәсілшілдік
207.	кастовая система	касталық жүйе
208.	профессиональная социализация	кәсіби әлеуметтену
209.	пучка бедных	кедейлер шоғыры
210.	культура бедности	кедейлік мәдениеті
211.	традиция перехода от этапа к этапу	кезеңнен-кезеңге өту дәстүрі

212.	дискриминация	кемсітушілік, кемсіту
213.	обратное движение	кері қозғалыс
214.	обратная культура	кері мәдениет
215.	комплексные организации	кешенді ұйымдар
216.	контент анализ; контент-анализ	контент-талдау
217.	теория конфликта	қақтығыс теориясы
218.	компульсивный гетеросексуальный	компульсиялы гетеросексуалдық
219.	горизонтальное схематическое изображение	көлденең сызбалы кескін
220.	наклонное схематичное изображение	көлбеу сызбалы кескін
221.	мятежное сознание	бүлікшіл сана
222.	социология в повседневной жизни	күнделікті өмірдегі әлеуметтану
223.	ресоциализация	қайта әлеуметтендіру, қайта әлеуметтену
224.	столкновение	қақтығыс
225.	святость	киелілік
226.	контроль с участием	қатыса отырып бақылау
227.	сообщество	қоғамдастық
228.	достигнутый статус	қол жеткен статус, қол жеткен мәртебе
229.	мощные связи	берік байланыстар
230.	ценности	құндылықтар
231.	регулировка структуры	құрылымды реттеу
232.	централизация структуры	құрылымды орталықтандыру
233.	структурно-функциональная теория	құрылымдық-функциялық теория
234.	лингвистическая относительная гипотеза или гипотеза Сепира-Уорфа	лингвистикалық салыстырмалы гипотеза немесе Сепир-Уорф гипотезасы
235.	лонгитюдное исследование, долгосрочное исследование	ұзақ мерзімді зерттеу

236.	макдональдация	макдональдтау
237.	функции манифеста или дис-функции	манифест функциялары немесе дис-функциялар
238.	культурная задержка	мәдени іркіліс
239.	культурная глобализация	мәдени жаһандану
240.	культурный капитал	мәдени капитал
241.	культурная относительность	мәдени салыстырмалылық
242.	культурный шок	мәдени шок; мәдени есеңгіреу
243.	культура	мәдениет
244.	набор статусов	статустар жиынтығы, мәртебелер жиынтығы
245.	медикализация	медикалдандыру
246.	программа выбора школы	мектеп таңдау бағдарламасы
247.	государство	мемлекет
248.	государственный храм	мемлекеттік ғибадатхана
249.	отказ от обязанности	міндеттен бас тарту
250.	теория модернизации	жаңғырту теориясы
251.	мораль-норма	мораль-норма
252.	мультикультурализм	мультикультурализм
253.	заинтересованный интерес	мүдделі қызығушылық
254.	мобилизация заинтересованных сторон	мүдделі тараптарды жұмылдыру
255.	коэффициент младенческой смертности	нәресте өлімінің коэффициенті
256.	раса	нәсіл
257.	социальное устройство расовых и этнических групп	нәсілдік және этностық топтардың әлеуметтік құрылымы
258.	расизм	нәсілшілдік
259.	основные страны	негізгі елдер
260.	обоснования	негіздеме
261.	нуклеарная семья	нуклеар отбасы
262.	оперирование	операция жүргізу
263.	операционная справка	операциялық анықтама
264.	централизация	орталықтандыру

265.	норма взаимоотношений	өзара қарым-қатынас нормасы
266.	собственная концепция	өзіндік тұжырымдама
267.	показатель смертности	өлім-жітім көрсеткіші
268.	периферийные страны	перифериялық елдер
269.	полигамия	полигамия
270.	постиндустриальное общество	постиндустриялық қоғам
271.	пролетариат	пролетариат
272.	понятие протестантской этики	протестанттық этика ұғымы
273.	рационально-правовая репутация	рационал-құқықтық репутация; рационал-құқықтық бедел
274.	революционное движение	революциялық қозғалыс
275.	официальный общественный контроль	ресми қоғамдық бақылау
276.	теория мобилизации ресурсов	ресурстарды жұмылдыру теориясы
277.	реформистское движение	реформисттік қозғалыс
278.	ролевой конфликт	рөлдік қақтығыс
279.	относительная депривация	салыстырмалы депривация
280.	теория относительной депривации	салыстырмалы депривация теориясы
281.	анкетное исследование	сауалнамалық зерттеу
282.	политические возможности	саяси мүмкіндіктер
283.	теория политических процессов	саяси процестер теориясы
284.	политическая экономика	саяси экономика
285.	сексизм	сексизм
286.	теория символического интеракционизма	символдық интеракционизм теориясы
287.	война	соғыс
288.	субурбанизация	субурбандану
289.	отбор проб	сынамаларды іріктеу
290.	зависимая переменная	тәуелді айнымалы
291.	корректирующее движение	түзетуші қозғалыс
292.	неравенство доходов	кіріс теңсіздігі
293.	популярная культура	танымал мәдениет
294.	навязанный статус	таңылған статус, таңылған мәртебе

295.	классовая система	таптық жүйе
296.	классовое сознание	таптық сана
297.	экспериментальная группа	эксперименттік топ
298.	независимая переменная	тәуелсіз айнымалы
299.	теория торможения	тежеу теориясы
300.	технологический императив	технологиялық императив
301.	перекрестная семья	тоғыспалы отбасы
302.	групповое сознание	топтық сана
303.	нисходящая ассимиляция	төмендеуші ассимиляция
304.	трансгендерное лицо	трансгендер адам
305.	рождаемость	туу көрсеткіші
306.	коэффициент рождаемости	туу коэффициенті
307.	расизм вне зависимости от цвета	түр-түсіне қатыссыз нәсілшілдік
308.	защита прав потребителей	тұтынушы құқығын қорғау
309.	урбанизация	урбандану
310.	сектор третьего уровня	үшінші деңгейлі сектор
311.	коллективное поведение	ұжымдық мінез-құлық
312.	коллективная эффективность	ұжымдық тиімділік
313.	организационная культура	ұйымдастырушылық мәдениет
314.	национализм	ұлтшылдық
315.	нулевой показатель роста населения	халық өсімінің нөлдік көрсеткіші
316.	харизма	харизма
317.	харизматическая репутация	харизмалық репутация, харизмалық бедел
318.	преступления не обжалованные	шағым түсірілмеген қылмыстар
319.	периферийные города	шеткері қалалар
320.	храм	храм
321.	теория штамма	штамм теориясы
322.	вероятные аварии	ықтимал авариялар
323.	элита-представители власти	биліктің элита-өкілдері
324.	элитная преемственность	элиталық сабақтастық

325.	эмпирическое исследование	эмпирикалық зерттеу
326.	группа эталон	эталон топ
327.	группа этническая	этностық топ
328.	права человека	адам құқығы
329.	торговля людьми	адам саудасы
330.	адвокатская деятельность	адвокаттық қызмет
331.	исцеление	айығу
332.	андроцентричный взгляд	андроцентристік көзқарас
333.	социальная справедливость	әлеуметтік әділеттілік
334.	социальные детерминанты	әлеуметтік детерминанттар
335.	этика социальной работы	әлеуметтік жұмыс этикасы
336.	социальная эксклюзия	әлеуметтік эксклюзия
337.	разнообразие	әртүрлілік, алуантүрлілік, саналуандық
338.	право исконных народов	байырғы халықтар құқығы
339.	здоровье ребенка	бала денсаулығы
340.	практика против надавливания	басып-жаншуға қарсы практика
341.	био-психо-социальный способ	био-психо-әлеуметтік тәсіл
342.	способ ванау ора (whānau ora)	ванау ора (whānau ora) тәсілі
343.	депривация (социально-экономический термин)	депривация, кемсіну (әлеуметтік-экономикалық термин)
344.	наркотическая зависимость	есірткіге тәуелділік
345.	евроцентристская практика	еуроцентристік практика
346.	практика против наказания	жазалауға қарсы практика
347.	модель хорошей жизни	жақсы өмір сүру моделі
348.	личное «я», «мой»	жеке «мен», «менікі»
349.	руководство	жетекшілік; басшылық
350.	теория систем	жүйелер теориясы
351.	имплицитное образование	имплицит білім
352.	индивидуалистическая ценность, личностная ценность	индивидуалистік құндылық, жекетұлғалық құндылық
353.	инклюзивные комбинированные способы	инклюзивті құрама тәсілдер
354.	институционализация	институттандыру

355.	интерпретационный взгляд	интерпретациялық көзқарас
356.	климатические изменения	климаттық өзгеріс
357.	сбор клинических данных	клиникалық деректер жинау
358.	когнитивно-бихевиористская теория	когнитивті-бихевиористтік теория
359.	многообразие	көптүрлілік, сәнтүрлілік
360.	криминогенный фактор	криминогенді фактор
361.	сложные показатели бедности	кедейліктің күрделі көрсеткіштері
362.	оценка и управление опасностью	қауіпті бағалау және басқару
363.	отказ от преступления	қылмыстан бас тарту
364.	уголовное правосудие	қылмыстық сот төрелігі
365.	распространение преступности	қылмыскерліктің таралуы
366.	макро изменение	макроөзгеріс
367.	чувство мана	мана сезім
368.	культурная специфика	мәдени өзіндік ерекшелік
369.	вынужденная миграция	мәжбүрлі көші-қон
370.	микроизменение	микроөзгеріс
371.	передвижение людей с ограниченными возможностями	мүмкіндігі шектеулі адамдардың жүріп-тұруы
372.	нарративный подход	нарративті тәсіл
373.	практика против расизма	нәсілшілдікке қарсы практика
374.	самоопределение	өзін-өзі анықтау
375.	группы самопомощи и взаимопомощи	өзіне-өзі және өзара көмектесу топтары
376.	проситель убежища	пана сұраушы
377.	позитивные изменения	оң өзгерістер
378.	праксис	праксис
379.	практическая основа	практикалық негіз
380.	практическая область	практикалық сала
381.	практикалық теория	практикалық теория
382.	психическое здоровье	жүйке саулығы
383.	психодинамическая практика-теория	психодинамикалық практикалық теория
384.	редуктивизм	редуктивизм

385.	совет по реституционному правосудию	реституциялық сот төрелігі кеңесі
386.	ретрибутивизм	ретрибутивизм
387.	процесс рефлексивности	рефлектілік процесі
388.	понятие рефлексивности	рефлектілік ұғымы
389.	рефлексия	рефлексия
390.	здоровая старость	саламатты қарттық
391.	благополучие	игілік
392.	сравнительный подход	салыстырмалы тәсіл
393.	политический курс	саяси бағыт-бағдар
394.	критическая социальная работа	сыни әлеуметтік жұмыс
395.	критическое суждение	сыни пайымдау
396.	критическая рефлексия	сыни рефлексия
397.	перекрестие критических анализов	сыни талдаулар тоғысы
398.	критерии успеха	табыс өлшемшарттары
399.	неравенство доходов	табыс теңсіздігі
400.	модель зависимости	тәуелділік моделі
401.	независимая жизнь	тәуелсіз өмір сүру
402.	эффективная межагентная работа	тиімді агентаралық жұмыс
403.	перекресток	тоғысым
404.	четвертый этап	төртінші кезең
405.	практика, основанная на травме	жарақат ескерілген практика
406.	трансформативная практика	трансформативті практика
407.	лично-ориентированная практическая теория	тұлғаға бағдарланған практикалық теория
408.	корректирующие меры	түзету шаралары
409.	временная защитная виза	уақытша қорғау визасы
410.	коллективная ценность	ұжымдық құндылық
411.	третий этап	үшінші кезең
412.	пересечение факторов	факторлар қиысымы
413.	подход (способ), основанный на решении	шешімге негізделген амал (тәсіл)

414.	эквивалентная шкала	эквиваленттік шәкіл
415.	эkleктическая практика	эkleктикалық практика
416.	теория экологических систем	экологиялық жүйелер теориясы
417.	экологическая модель	экологиялық модель
418.	эксплицитное образование	эксплицитті білім
419.	этноцентристский подход	этноцентристік тұрғы
420.	ювенальное правосудие	ювеналды сот төрелігі
421.	«легенда» (вымышленная история)	«аңыз» (ойдан шығарылған оқиға)
422.	связь между переменными	айнымалылар арасындағы байланыс
423.	информированное согласие	ақпарат берілген келісім
424.	аналитическая история	талдамалық тарих
425.	анкета смешанного режима	аралас режим сауалнамасы
426.	размер ассоциации	ассоциация өлшемі
427.	аутлайер	аутлайер
428.	устный (самостоятельный) отчет	ауызша (өзіндік) есеп
429.	открытые вопросы	ашық сұрақтар
430.	оценка социального влияния	әлеуметтік ықпалды бағалау
431.	дизайн социальной сети	әлеуметтік желі дизайны
432.	социальный индикатор	әлеуметтік индикатор
433.	искажение/влияние социальных желаний	әлеуметтік қалау бұрмалануы/ықпалы
434.	получение хороших социальных отзывов	әлеуметтік жақсы пікірлер алу
435.	объем воздействия	әсер ету көлемі
436.	оценка воздействия	әсерді бағалау
437.	оценочное исследование	бағалап зерттеу
438.	обеспокоенность оценкой	бағалауға алаңдау
439.	переменная наблюдателя	байқаушы айнымалылығы
440.	дизайн неэквивалентной контрольной группы	бейэквивалентті бақылау тобының дизайны
441.	разведывательное исследование	барлау зерттеу
442.	единица первичной выборки	бастапқы іріктеу бірлігі

443.	первоисточник	түпкі дереккөз
444.	подавляющая переменная	басым айнымалы
445.	роль активного члена	белсенді мүше рөлі
446.	очное собеседование	бетпе-бет әңгімелесу
447.	бивариатив	қоснұсқалық
448.	исследование одноразового кейса	бірреттік кейсті зерттеу
449.	одноруппный дизайн пре-тест-посттест	бір топтық тесталды-тестсоңы дизайнны
450.	дизайн в несколько временных рядов	бірнеше уақыт қатарындағы дизайн
451.	отрицающие друг друга	бірін-бірі жоққа шығарушы
452.	связь первого уровня	бірінші деңгейлі байланыс
453.	гейткиперы	гейткиперлер
454.	гроунд-теория	гроунд теориясы
455.	шкала Гутмана	Гутман шәкілі
456.	полевая заметка	далалық есепжазба
457.	полевая запись	далалық жазба
458.	полевые исследования	далалық зерттеу
459.	полевой претест	далалық алдын ала тестілеу
460.	полевой эксперимент	далалық эксперимент
461.	дебрифинг	дебрифинг
462.	дедуктивный анализ	дедуктивті талдау
463.	демографическая статистика	демографиялық статистика
464.	индивидуальный график	дербес кесте
465.	архив данных	деректер архиві; деректер мұрағаты
466.	матрица данных	деректер матрицасы
467.	модификация данных	деректерді модификациялау
468.	дескриптивное исследование	дискриптивті зерттеу
469.	дескриптивная статистика	дискриптивті статистика
470.	дескриптивная история	дескриптивті тарих
471.	дискриминантная пригодность	дискриминант жарамдылық
472.	дифференциальное уменьшение	дифференциалды азаю

473.	закрытые вопросы	жабық сұрақтар
474.	ситуативный вопрос	жағдаяттық сұрақ
475.	единица записи	жазба бірлігі
476.	надежность полусплити	жартылай сплит сенімділігі
477.	эффект ответа	жауап әсері
478.	коэффициент ответа	жауап коэффициенті
479.	форматы ответов	жауап форматтары
БИЗНЕС САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІ («100 жаңа оқулық» жобасы бойынша)		
480.	метод, ориентированный на аудиторию	аудиторияға бағдарланған әдіс
481.	социально-коммуникационная модель	әлеуметтік-қатысымдылық моделі
482.	сеть неформальной коммуникации	бейформалды коммуникация желісі
483.	патенты на интеллектуальную собственность	зияткерлік меншік патенті
484.	профессионализм	кәсібилік
485.	коммуникация	қатысымдылық
486.	канал коммуникации	коммуникация арнасы
487.	средство коммуникации	коммуникация құралы
488.	этика коммуникации	коммуникация этикасы
489.	коммуникационные барьеры	коммуникациялық кедергілер
490.	официальная сеть коммуникаций	ресми коммуникация желісі
491.	стейкхолдер	стейкхолдер
492.	критическое мышление	сыни ойлау; сыни ой-сана
493.	отношение «вы», вежливый подход	«сіз» қатынасы, сыпайылық көзқарас
494.	обратная связь	кері байланыс
495.	выборочный прием	іріктеп қабылдау
496.	кодекс этики	әдеп кодексі
497.	этический аудит	әдеп аудиті
498.	дилемма этики	этика дилеммасы
499.	этическая ошибка	этикалық қателік

500.	конструктивный фидбэк (критика)	сындалры кері байланыс (сын)
501.	подпольный план	астыртын жоспар
502.	невербальная коммуникация	бейвербалды коммуникация
503.	объединенные коммуникации	біріккен коммуникация
504.	виртуальная встреча	виртуалды кездесу
505.	деструктивный фидбэк	деструктивті кері байланыс
506.	система управления контентом	контентті басқару жүйесі
507.	менеджмент вовлеченности	қатыстыру менеджменті
508.	роль, направленная на задачу (роль обязательств)	міндетке бағытталған рөл
509.	общее рабочее пространство	ортақ жұмыс кеңістігі
510.	эгоистичная роль (роль эгоизма)	өзімшілдік рөлі
511.	парламентская процедура	парламенттік рәсім
512.	команда решения проблемы	мәселені шешу командасы
513.	критическое слушание	сыни тыңдау
514.	группа заданий	тапсырма тобы
515.	динамика группы	топ динамикасы
516.	роль поддержки группы	топты қолдау рөлі
517.	эмпатическое слушание	эмпатиялық тыңдау
518.	высокая контекстная культура	жоғары контекстік мәдениет
519.	ксенофобия	ксенофобия
520.	культурное умение	мәдени машық
521.	культурный контекст	мәдени контекст
522.	культурный плюрализм	мәдени плюрализм
523.	межкультурная коммуникация	мәдениетаралық коммуникация
524.	стереотипизация	стереотиптеу
525.	низкая контекстная культура	төмен контекстік мәдениет
526.	брейнсторминг	брейнсторминг
527.	косвенный подход	жанама амал
528.	журналистский подход	журналистік тұрғы
529.	мемо (мето: оповещение), (мемо-уведомление)	мемо (мето: құлақтандыру), мемо-хабарлама
530.	топик, значение-сообщение	топик

531.	прямой подход	тура амал
532.	денотативное значение	денотативтік мағына
533.	коннотативное значение	коннотативтік мағына
534.	абстрактное слово	абстракттілі сөз
535.	язык вне предубеждения	алалаудан ада тіл
536.	разговорный мотив	ауызекі сөйлеу сарыны
537.	топикальное предложение	мәністік сөйлем
538.	транзитные слова	дәнекер сөздер
539.	эвфемизм	эвфемизм
540.	заголовок информации	ақпарат тақырыбы
541.	гарнитура	гарнитура
542.	стиль шрифта	қаріп стилі
543.	описательная тема(заголовок-аннотация)	сипаттаушы тақырып
544.	гарнитура «sans serif»	«sans serif» гарнитурасы
545.	гарнитура «serif»	serif гарнитурасы
546.	архитектура информации	ақпарат архитектурасы
547.	подкастинг	подкастинг
548.	канал подкастинга	подкастинг арнасы
549.	конкурентный обмен сообщениями	бәсекелі хабар алмасу
550.	e-mail подпись	e-mail қолтаңба
551.	информационное название	ақпараттық атау
552.	наименование (заголовок)	атау (тақырып)
553.	блок-схема	блок-сызба
554.	визуальная грамотность	визуалды сауаттылық
555.	визуальный символизм	визуалды символизм
556.	диаграмма Ганта	Гант диаграммасы
557.	визуализация даты	датаны визуалдау
558.	круговая диаграмма	шеңбер диаграмма
559.	пространственная диаграмма	кеңістік диаграммасы
560.	диаграмма скаттера	скаттер диаграммасы
561.	линейная диаграмма	сызықты диаграмма
562.	диаграмма коллектива	ұжым диаграммасы

563.	хронологическая таблица	хронологиялық кесте
564.	пресс-релиз	баспасөз релизі
565.	кризис-план менеджмента	менеджменттің дағдарыс-жоспары
566.	демографический характер	демографиялық сипат
567.	интерактивный маркетинг	интерактивті маркетинг
568.	логическое обращение	қисынды жолданым
569.	маркетинговое сообщение	маркетингтік хабарлама
570.	психографический характер	психографиялық сипат
571.	реклама продаж	сатылым жарнамасы
572.	эмоциональное обращение	эмоциялық жолданым
573.	модель AIDA	AIDA моделі
574.	тегирование	тегтеу
575.	социально-коммуникационная модель	әлеуметтік- коммуникациялық моделі
576.	проактивное действие	алдын орау әрекеті
577.	носимая технология	тағылмалы технология
578.	абсолютное преимущество	абсолют артықшылық
579.	дефицит текущего счета	ағымдағы шот тапшылығы
580.	профицит текущего счета	ағымдағы шот профициті
581.	индекс человеческого развития	адам дамуы индексі
582.	управление человеческими ресурсами	адам ресурстарын басқару
583.	адвалорный тариф	адвалорлық тариф
584.	гражданско-правовая система	азаматтық-құқықтық жүйе
585.	региональная экономическая интеграция	өңірлік экономикалық интеграция
586.	обменный курс	айырбас бағамы
587.	неконвертируемая валюта	айырбасталмайтын валюта
588.	продажа с надбавкой	үстеме ақымен сату
589.	менеджмент денег	ақша менеджменті
590.	шесть сигм	алты сигма
591.	номинальная стоимость золота	алтынның номиналдық құны
592.	качество канала	арна сапасы
593.	протяженность канала	арна ұзақтығы

594.	специальный тариф	арнаулы тариф
595.	стратегия отставания	артта қалу стратегиясы
596.	эффект перевода	аударым әсері
597.	стандарты аудита	аудит стандарттары
598.	аутпост-завод	аутпост- зауыт
599.	сменная торговля	ауысымды сауда
600.	обычай	әдет-ғұрып
601.	громкая огласка (разглашение)	дабыра (жария ету)
602.	антидемпинговая политика	демпингке қарсы саясат
603.	пропорциональная (горизонтальная) дифференциация	пропорциялы (деңгейлес) саралау
604.	своевременная доставка	дер кезінде жеткізу
605.	дистрибьюторский эксклюзивный канал	дистрибьюторлық эксклюзив арна
606.	всемирная региональная структура	бүкіләлемдік өңірлік құрылым
607.	двусторонний неттинг	қостарапты неттинг
608.	эффект имитации	еліктеу әсері
609.	минимальный эффективный рубеж	ең төмен тиімді меже
610.	свободно конвертируемая валюта	еркін айырбасталатын валюта
611.	свободная торговля	еркін сауда
612.	зона свободной торговли	еркін сауда аймағы
613.	Совет Европы	Еуропа кеңесі
614.	европейская валютная система	еуропалық валюта жүйесі
615.	Европейская комиссия	Еуропалық комиссия
616.	еврооблигация	еурооблигация
617.	Европейский союз (ЕС, Евро-союз)	Еуропалық одақ (ЕО, Еуроодақ)
618.	Европейский парламент	Еуропалық парламент
619.	общий менеджмент качества	жалпы сапа менеджменті
620.	общенациональный успех	жалпыұлттық табыс
621.	массовая кастомизация	жаппай ыңғайластыру

622.	глобальный дистрибьюторский центр	жаһандық дистрибьюторлық орталық
623.	глобальная сеть	жаһандық желі
624.	координация глобальных цепочек поставок	жаһандық берім тізбектерін үйлестіру
625.	управление глобальными фондами	жаһандық қорларды басқару
626.	глобальная матричная структура	жаһандық матрицалық құрылым
627.	глобальная адаптация	жаһандық бейімделу
628.	стратегия глобальной стандартизации	жаһандық стандарттау стратегиясы
629.	индивидуальные действие	жекедара әрекет
630.	личный (индивидуальный) контроль	жеке (жекедара) бақылау
631.	требования к локальному контенту	жергілікті контентке талаптар
632.	ведущий завод	жетекші зауыт
633.	ведущая стратегия	жетекші стратегия
634.	цепочка поставок	берім тізбегі
635.	управление цепочкой поставок	берім тізбегін басқару
636.	накладная	жүкқұжат
637.	оплата отгрузки	жөнелту төлемі
638.	гибкая технология производства	икемді өндіріс технологиясы
639.	негибкость (неэластичность)	икемсіздік
640.	механизмы интеграции	интеграция тетіктері
641.	теория интернационализации	интернационалдандыру теориясы
642.	этика Канта	Кант этикасы
643.	приток капитала	капитал келімі
644.	отток капитала	капитал кетімі
645.	счет капитала	капитал шоты
646.	общий рынок и экономика стран Карибского бассейна (CSME)	Кариб елдерінің ортақ нарығы және экономикасы (CSME)
647.	кастовая система	касталық жүйе

648.	предприниматели	кәсіпкерлер
649.	квотная рента	квоталық рента
650.	Лиссабонский договор	Лиссабон шарты
651.	лицензионный контракт	лицензиялық келісімшарт
652.	Маастрихтский договор	Маастрихт шарты
653.	постоянная отдача специализации	мамандандырудың тұрақты қайтарымы
654.	маркетинг-микс	маркетинг-микс
655.	маскулинная, феминистская разница	маскулиндік, феминистік айырмашылық
656.	эффект масштаба	масштаб әсері; ауқым әсері
657.	культурный контроль	мәдени бақылау
658.	межкультурная грамотность	мәдениетаралық сауаттылық
659.	периодическая тратта	мерзімді тратта
660.	принцип продления срока	мерзімді ұзарту қағидаты
661.	многонациональное предприятие	көпұлттық кәсіпорын (КК)
662.	межрыночный сегмент	нарықаралық сегмент
663.	глобализация рынков	нарықтардың жаһандануы
664.	сегментация рынка	нарықты сегменттеу
665.	основные профессиональные навыки	негізгі кәсіби дағдылар
666.	игра с нулевой суммой	нөлдік сомалы ойын
667.	установление насильственной цены (произвол ценообразования)	бағаны күштеп белгілеу
668.	Ассоциация стран Юго-Восточной Азии (АСЕАН)	Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығы (АСЕАН)
669.	правый тоталитаризм	оңшыл тоталитаризм
670.	эффективность месторасположения	орналасу орнының тиімділігі
671.	общее право	жалпы құқық
672.	общий рынок	ортақ нарық
673.	Центрально-Американское соглашение о свободной торговле (ЦАССТ)	Орталық Американың еркін сауда келісімі (ОАЕСК)

674.	общий рынок Центральной Америки	Орталық Американың ортақ нарығы
675.	оффшорный завод	офшорлық зауыт
676.	офшорное производство	офшорлық өндіріс
677.	взаимная торговля	өзара сауда
678.	представительная демократия	өкілдік демократия
679.	влияние страны-производителя	өндіруші ел ықпалы
680.	глобализация производства	өндірістің жаһандануы
681.	гибкие ячейки производства	өндірістің икемді ұяшықтары
682.	производственные факторы	өндірістік факторлар
683.	Парижская конвенция по охране промышленной собственности	Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясы
684.	всемирная структура продуктовых подразделений	өнім бөлімшелерінің дүниежүзілік құрылымы
685.	законы о безопасности продукции	өнім қауіпсіздігі туралы заңдар
686.	полициентристская кадровая политика	полициентристік кадр саясаты
687.	ресурсный завод	ресурстық зауыт
688.	Римский договор	Рим шарты
689.	налоговый кредит	салық кредиті
690.	договор о налогообложении	салық салу туралы шарт
691.	вертикальная дифференциация	сатылас саралау
692.	паритет покупательной способности	сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі
693.	паритет торгового баланса	сауда теңгерімінің тепе-теңдігі
694.	девиация торговли	сауданың ауытқуы
695.	интегрированная торговля	интеграцияланған сауда
696.	политический риск	саяси тәуекел
697.	политический союз	саяси одақ
698.	серверный завод	серверлік зауыт
699.	акт Смут-Хоули	Смут-Хоули актісі

700.	Североамериканское соглашение о свободной торговле (НАФТА)	Солтүстік Америка еркін сауда келісімі (НАФТА)
701.	социал-демократы	социал-демократтар
702.	социалисты	социалистер
703.	спотовый обменный курс	споттық айырбас бағамы
704.	стратегические альянсы	стратегиялық альянстар
705.	стратегическое ценообразование	стратегиялық баға белгілеу
706.	стратегическая торговая политика	стратегиялық сауда саясаты
707.	ценовая эластичность спроса	сұраныстың баға икемділігі
708.	валюта, конвертируемая во внешнюю	сыртқа айырбасталатын валюта
ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ, ИНФОРМАТИКА (Мектеп оқулықтары бойынша)		
709.	скрипт	скрипт
710.	спрайт	спрайт
711.	скретч	скретч
712.	линейный алгоритм	сызықты алгоритм
713.	алгоритм линейной структуры	сызықты құрылым алгоритмі
714.	модуль EV3	EV3 модулі
715.	lego mindstroms	lego mindstroms
716.	LEGO Mindstroms education EV3	LEGO mindstroms education EV3
717.	рабочий стол	жұмыс үстелі
718.	видеоадаптер	бейнебейімдеуіш
719.	видеоинформация	бейнеақпарат
720.	видеозапись	бейнежазба
721.	звуковой адаптер	дыбыстық бейімдеуіш
722.	звуковая карта	дыбыстық карта
723.	звуковая плата	дыбыстық тақша
724.	датчик касания	жанасу датчигі
725.	датчик цвета	түс датчигі
726.	расширенная реальность	кеңейтілген шындық

727.	переходы между слайдами	слайдтар арасындағы ауысу
728.	Video Pad	Video Pad
729.	код ASCII	ASCII коды
730.	blu-ray disc, bd	blu-ray disc, bd
731.	paint.net	paint.net
732.	photo-brush	photo-brush
733.	цветовая модель RGB (красный-зелёный-синий)	RGB (қызыл-жасыл-көк) түс моделі
734.	аналоговый сигнал	аналогті сигнал
735.	андроид	андроид
736.	графический редактор	графикалық редактор
737.	кодирование	кодтау
738.	декодирование	кодты шешу
739.	групповое кодирование	топтап кодтау
740.	блочное кодирование	блоктық кодтау
741.	бесцикловое кодирование	циклсіз кодтау
742.	абсолютное кодирование	абсолют кодтау
743.	криптология	криптология
744.	код Морзе	Морзе коды
745.	стойкость шифра	шифрдың төзімділігі
746.	e-mail	e-mail
747.	принтер	принтер
748.	3d принтер	3D принтер
749.	3d печать	3D басып шығару
750.	3d модель	3D моделі
751.	беспроводная локальная сеть (WLAN)	жергілікті сымсыз желі (WLAN)
752.	графический примитив	графикалық примитив
753.	тела вращения	айналу денелері
754.	интегрированная среда разработки (IDE)	әзірлеменің интегралды ортасы ӘИО/IDE
755.	python	python
756.	литералы в python	python -дағы литерал
757.	операнды в python	python-дағы операнд

758.	операнд команды	пәрмен операнды
759.	поле операнда	операнд өрісі
760.	операции на языке python	python тіліндегі операциялар
761.	допустимый тип данных	шектегі мәліметтер типі
762.	функция Float ([x])	Float ([x]) функциясы
763.	функция int ([x])	int ([x]) функциясы
764.	форматированный выпуск	форматталған шығарылым
765.	обычная сноска	қарапайым сілтеме
766.	концевая сноска	аяққы сілтеме
767.	гиперссылка	гиперсілтеме
768.	адрес гиперссылки	гиперсілтеме мекенжайы
769.	тип данных	деректер типі
770.	двумерный объект	екіөлшемді объект
771.	двумерный массив	екіөлшемді массив
772.	материнская плата	жүйелік тақша
773.	архитектура	архитектура
774.	Integrated Development Environment (IDE) (интегрированная среда для создания программ)	Integrated Development Environment (IDE) (бағдарлама әзірлеудің интеграцияланған ортасы)
775.	идентификаторы (имена переменных)	идентификаторлар (айнымалылар атауы)
776.	интернет-зависимость	интернетке тәуелділік
777.	функция print	print функциясы
778.	язык программирования	бағдарламалау тілі
779.	внешний порт	сыртқы порт
780.	аккаунт	аккаунт
781.	дистрибутив	дистрибутив
782.	синтаксис	синтаксис
783.	IP адрес	IP мекенжай
784.	Буль (логическая функция boolean function)	Буль (логикалық) функциясы
785.	итехпроцесс	итехпроцесс
786.	киберзапугивание	кибербуллинг

787.	микроспроцессор	микроспроцессор
788.	нанометр (нм)	нанометр (нм)
789.	спам	спам
790.	такт	такт
791.	троллинг	троллинг
792.	чипсет	чипсет
793.	эксабайт	эксабайт
794.	пакет программ	бағдарламалар топтамасы
795.	фигура	фигура
796.	веб-браузер	веб-браузер
797.	символ пароля	құпиясөз символы
798.	электронная почта	электрондық пошта
799.	форма экрана	экран пішіні
800.	заставка	қойылғы
801.	полноэкранный монитор	толықэкранды монитор
802.	текстовый редактор	мәтіндік редактор
803.	автозаполнение	автотолтыру
804.	информационный интерфейс	ақпараттық интерфейс
805.	компьютерная безопасность	компьютерлік қауіпсіздік
806.	память компьютера	компьютер жады
807.	встроенное ветвление	кірістірілген тармақталу
808.	простое условие	қарапайым шарт
809.	операция логическая	логикалық амал
810.	цифровая видеоинформация	цифрлық бейнеақпарат
811.	постоянная память	тұрақты жады
812.	сжатие информации	ақпаратты сығымдау
813.	шпионские программы	тыңшы бағдарламалар
814.	условное форматирование	шартты пішімдеу
815.	внутренняя память	ішкі жад
816.	фильтр программы	сүзгі бағдарламалар

ЗҰЛМАТ КЕЗЕҢНІҢ БЕЙНЕСІН БЕРЕТІН АТАУЛАР

Жантас Жақыпов,

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

2020 жылы қарашаның 24-інде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» № 456 жарлығы жарияланды. Осыған орай құрылған Мемлекеттік комиссия «қуғын-сүргін құрбандарының түрлі санаттарын ақтау әдіснамасын тұжырымдау үшін жиналған материалды жинақтау үшін» жұмыс топтарын құрды. Бұл жұмыс топтарының негізгі міндеттеріне талдамалық қорытындылар дайындау, «саяси қуғын-сүргіннің алуан түрлерін бағалаудың ғылыми негізделген мемлекеттік тәсілдері мен өлшемшарттарын, сондай-ақ қуғын-сүргін құрбандарының әрбір санатын ақтаудың тәсілдері мен әдістерін тұжырымдау» жатады. Осындағы саяси қуғын-сүргіннің алуан түрлерін бағалаудың ғылыми негізделген мемлекеттік тәсілдері мен өлшемшарттарын жасау үшін тіл білімінің тікелей қатысы бар. Өйткені Мемлекеттік комиссия қуғын-сүргін кезеңіндегі (Совет дәуірінің кемінде алғашқы елу жылындағы) тарихи мәтіндерді (тарихи құжаттар, ғылыми еңбектер, т.б.) парықтауы қажет. Парықтау үшін, әрине, ол мәтіндердегі сөздерді ұғыну, ұғындыру – басты міндеттердің бірі. Міне, тарихи зұлмат кезеңінің осыған орай тілдік бейнесін беру міндеті тілтанушыларға жүктелмек.

Тарихи аңдатпа. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев 2021 жылдың 31 мамырында Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай жасаған Үндеуінде саяси репрессия мен ашаршылықтың жалпы халықтың тарихында азабы мен азасы бір құбылыс екенін айтады. Өткен ғасыр басындағы ашаршылықты шын мәнінде жахандық гуманитарлық апат ретінде бағалайды. Демек, бұл екі құбылыс бір-бірімен тығыз байланысты, бір тарихи кезеңнің айғақтары деп түсінген жөн. Олай болса, ХХ ғасыр басындағы Совет дәуіріндегі Қазақ елі бастан кешірген тарихи кезеңнің тілдегі көрінісінің ерекшеліктерін пайымдау қажет болып шығады.

Когнитивтік лингвистикада «тілдегі дүние бейнесі, дүниенің тілдік бейнесі» дейтін санат бар. Бұл – тілде көрініс беретін сананың, болмыстың бейнесі. Дүниенің тілдік суретін қалыптастыратын сипаттарға стереотип жатады. Стереотип тілден тыс нысанға қатысты тұжырым ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар мамандар мұны әлеуметтік таным үлгілерінің

негізінде қалыптасқан объективті шындықты түйсінудің нәтижесі, субъективтік тұрғыдан берілетін баға деп көрсетеді. А.В. Павловская [Этнические стереотипы в свете межкультурной коммуникации. – Москва: Просвещение, 1998. С. 96] стереотипті екі санатқа бөледі: түбегейлі және үстірт стереотиптер. Түбегейлі стереотиптер уақыт талғамайды, тұрақты болады, өзгермейді. Ал үстірт стереотиптер белгілі бір халық туралы тарихи, халықаралық және саяси жағдайларға не болмаса қандай да бір уақытша мәнбірлерге (факторларға) байланысты пайда болады. Осы факторлар қанша уақыт тұрса, үстірт стереотиптер де сонша уақыт тұрады; факторлар тоқтаса, тарих қойнауына кетеді.

Дүниенің тілдік бейнесі тұрғысынан алсақ, XX ғасыр басындағы Совет отарлауындағы Қазақстан тарихының кезеңдік ерекшеліктерін білдіретін сөздер мен сөз тіркестерін қуғын-сүргін мен гуманитарлық апат жағдайларын білдіретін айрықша топтарға жіктеуге болады. Алдымен ескертер жайт – бұл ұғым-атаулардың қазақтардың өз тарапынан объективті түрде шыққан сөз емес, сыртқы күштің ықпалынан шыққан үстірт стереотиптер.

Тарихтық мәтіндерге саралай келе, бұл стереотиптердің негізін жалпы қолданыстан терминденген сөздер құрайды (әрине, басқа сөз бен сөз тіркестерінің осы контексте қолданылатынын біліп отырмыз, - осы жолы терминденген сөздермен шектелуді ұйғардық). «Терминденуші сөз тек жалпы қолданыстағы сөз болуы шарт емес, ол диалектизм де, кәсіби сөз де, архаизм де болуы мүмкін. Ол сөз белгілі бір арнаулы саланың, ... тұрақты мүшесі болуы арқылы терминге айналады. Сөздің терминдену барысында мағынаның кеңеюі, тарылуы, арнайылануы сияқты түрлі семантикалық процестер болады. Ең бастысы – терминдену барысында сөз мағынасы терминделуші ұғымның негізгі белгілеріне сәйкес нақыталануы» [Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 25-б.]. Түсіндіре кетсек, тақырыбымызға орай қуғын-сүргін, ашаршылық тарихи арнаулы сала ретінде көрініп, біз талдамақ сөздер сол саланың тұрақты мүшесі болып шығады.

Қазақстан тарихындағы осы бір келеңсіз кезеңнің картинасын жасайтын сөздер мен сөз тіркестері мол: шамамен 300-ден аса тілдік бірлікті қамтиды. Бұл бірліктердің басым көбі орыс тілінен сол қалпында енген сөздер мен орыс тілінен аударылып қазақ тіліне бейімделген сөздер болып келеді. Мұның объективті уәжі бар: қазақ ұлтына қысымшылық сырттан, отарлаушы Ресей тарапынан, көрсетілді. Бұл сөздерді жуықтап тақырыптық топтарға да бөлуге болады: жазалаушы орындардың атаулары (тройка – үштік, Алжир, Степлаг, Карлаг, ВЧК, Айрықша кеңес, Біріккен мемлекеттік саяси басқарма

– ОГПУ т.с.с.), келеңсіз үдерістерді таңбалайтын сөздер мен сөз тіркестері (боса көшу, ауа көшу, ашаршылық, жаппай жер аудару, қуғын-сүргін, тоталитаризм, үлкен террор, күштеп ұжымдастыру, т.с.с.), қысымшылықтан келіп шығатын іс-әрекеттер (контрреволюция, тәркілеу, басмашылық, босқыншылық, тап ретінде жою, этникалық тазарту, т.т.), әлеуметтік атаулар (кулак, ұлтшыл, тыңшы, батырақ, бай, жартылай феодал, қаңғыбас, масақшы т.т.), жазалау шараларының атаулары (қамау, айдау, экспроприация, құқықтан айыру, еңбекпен түзеу, қуып шығу, көшіріп жіберу – выдворение, жер аудару, ату жазасы т.т.), қысымшылыққа қарсы әрекеттер атаулары (көтеріліс, бүлік, диссиденттік, басмашылық, наразылық, банда, бандалық құрамалар, т.т.), қоғамдық құбылыстар мен ұйымдардың атаулары (әскери коммунизм, Алаш, сталинизм, діни қоғам, арнайы қоныс аударушылар – спецпереселенцы, большевизм, Вайнштейн синдромы, казармалық коммунизм, панисламизм, ұлыдержавалық шовинизм т.б.), т.с.с.

Осы кезеңнің тілдік бейнесін беретін негізгі-негізгі деген сөздерге тоқталайық.

Совет термині туралы. ХХ ғасыр басында Ресейде большевиктер орнатқан мемлекеттің атауы, яғни салыстырмалы түрде уақытша (1917-1991 жж.) факторларға байланысты пайда болған үстірт стереотип. Қазақ болмысына сырттан енгізілген орыс ұғымы, орыс сөзі. Аударма тұрғысынан қарасақ, бұл орыс реалиясын білдіретін сөз, бұл қазақ тіліндегі кеңес сөзінің **баламасы емес**. Ендеше мұны қазақ тілінде дайын стереотип ретінде қолдану тіл заңдылығына орайласады (Кеңес Одағы, Кеңес үкіметі, КСРО сияқты қолданыстар қате).

Репрессия термині қуғын-сүргін болып аударылды. Түсіндірме сөздік мақаласынан мұның жалпыхалықтық сөзден терминдену үдерісінің ізін аңдауға болады: «**ҚУҒЫН-СҮРГІН** зат. 1. *Қудалау, қуғындаушылық, қыспағы көп сергелдең.* 2. саяси-қоғ. <лат. repressio> Мемлекеттік органдар тарапынан жүргізілетін жазалау шаралары (түрмеге жабу, жер аудару, ату жазасы)» [Қазақ әдеби тілінің сөздігі. X том. – Алматы, 2011. – 193-б.]. Сөздікте көрсетілген 1-мағына тарылу жолымен 2-терминдік мағына келіп шыққан. Дей тұрсақ та *қуғын-сүргін* репрессияның мәнін толық бере алмайтындай болып көрінеді: біріншіден, қуғын-сүргін билік тарапынан ғана бола бермейді, әлдебір басқадай күштердің ықпалымен кез келген жеке адам да бастан кешетін келеңсіздік те *қуғын-сүргін* сөзімен таңбалана береді; екіншіден, бұл қос сөз болғандықтан, экспрессиялық бояуы өше қоймайтын сөз, нақты мағына арнасына түспейтін, термин болуға икемсіз сөз болып көрінеді; үшіншіден, *қуғын-сүргіннің* орысша баламасы *репрессия* емес, *гонения*, ал *репрессияның* нақты

баламасы бізге қысымышылық сөзі болып көрінеді. Өйткені бұл сөздің «*Біреу тарапынан көрсетілген жәбір-жапа, зорлық*» [Қазақ әдеби тілінің сөздігі. X том. – Алматы, 2011. – 636-б.] деген мағынасы репрессияның мағыналық көлемін қамтып тұратынын байқауға болады.

Репрессия мен гуманитарлық апатты қамти белгілейтін сөз – зұлмат. Зұлмат сөзінің табиғи апаттарға да қатысы бар, алайда бұл сөздің түп пішіні зұлым сөзі болғандықтан, зұлымдық мәнін кең де тереңірек көрсетеді. Зұлым+ат=зұлмат, бұл жерде -ат – жинақтық мағына беретін жұрнақ. Терминдік сөздің бір ерекшелігі жинақтау қызметі десек, бұл сөз репрессия мен ашаршылықты қамтуға бейім тұрған жалпы қолданыстағы сөз. Түсіндірме сөздікте берілген мағынасы да осы ойға әкеп тірейді: «**ЗҰЛМАТ** [ар.] зат. 1. Түрлі табиғи апаттар (зілзала, топан су, өрт, жұт) мен төтенше саяси-әлеуметтік қиыншылықтарды білдіретін ұғым. 2. Жеке адамның басына, әлеуметтік топқа немесе бүкіл қоғамға төнген саяси, экономикалық және әлеуметтік жойқын апаттардың жиынтығы. 3. Қою қараңғылық, көзге тұртсе көргісіз түнек. 4. Жауыздық, зұлымдық, зорлық, езгі». [Қазақ әдеби тілінің сөздігі. VII том. – Алматы, 2011. – 165-б.].

Ұлтшылдық қоғамдық-саяси термин ретінде сол кезде келеңсіз, теріс мағынасында қолданылған, оның екінші атауы «халық жауы» болған. Сөздік мағынасы «... ұлттар арасындағы алауыздықты насихаттайтын, еңбекшілер мүддесіне жат буржуазиялық идеология мен саясат» [Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XIV том. – Алматы, 2011. – 719-б.] болды. Әділеттік орнатып сол зұлмат кезеңдегі ұлтшыл деп танығандарды ақтау үшін бізге бұл сөздің мына мағынасы қажет: «*Төл этникалық құндылықтары мен мақсат-мұраттарын құрметтеуімен сипатталатын адам санасындағы әлеуметтік-саяси және психологиялық-этникалық құбылыс*» [Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XIV том. – Алматы, 2011. – 719-б.].

Совет кезеңінде ұлтшылдықпен қатар түркішілдік те «пантюркизм» деген атпен қуғын-сүргінге ұшырады. *Түркішілдік* термині – түркі халықтарын бірлікке, өзара байланыстарын нығайтуға үндейтін қоғамдық-саяси ағым, XX ғасыр басында саяси доктриналардың және саяси көзқарастардың жүйесінде пайда болған діни-саяси идеология атауы. Совет тарапынан реакциялық пиғылдағы ағым ретінде бағаланды.

Совет зұлматына ұшыраған қазақ ұстанған дін ислам болды. Дін өкілдері, тіпті қарапайым мүміндер де «панисламизм» аталған айыппен қуғын-сүргін көрді. Ал шындығында, бұл коммунистердің атеизміне қайшы келгені болмаса, қоғам дамуына кереғар құбылыс емес еді. Қараңыз:

Панисламизм – (көне грек. рап – «бәрі» және араб. إمام الس – «ислам») –

XIX ғасырдың соңғы ширегінде қалыптасқан діни-саяси идеология, оның негізгі идеясы: 1) әлеуметтік, ұлттық немесе мемлекеттік тиістілігіне қарамастан, дүниежүзі мұсылмандарының рухани бірлігі; 2) оларды жоғары рухани басшының (халифа) билігіне саяси тұрғыда біріктіру [<https://ru.wikipedia.org/wik>].

Большевизм терминіне зұлмат кезеңде отарлаушылар тұрғысынан мағына берілді. Коммунизм орнатушылар идеясын ұстанушылық, бұқара халық мүддесін көздейтін, интернационалистік саяси ұстаным ретінде бағаланды. Ал бұл сөздің объективті мағынасы мынадай былай болып шықты: **большевикшілдік (большевизм)** – 1) В.И. Ленин, кейіннен оның ізбасарлары басқарған, марксистік ілімді тоталитарлық идеология мен тәжірибеге бұрмалаған әсіресолшыл ағым; 2) (большинство/көпшілік сөзінен) мемлекеттік саяси және халықтық дамудың мемлекеттегі көпшіліктің тірлігі мен еңбегінен арамтамақ болған азшылықтың пікірі мен мүдделерін мүлдем ескермеуге негізделген ұстанымы.

Советтік репрессия, шын мәнінде, қазақ халқына билік тарапынан жасалған лаңкестік еді, сондықтан мұның екінші аты «большой террор» болды: **Үлкен лаң/террор** (ауызекі сөзде «Ежовшылдық») – КСРО-да 1937-1938 жылдары болған жаппай (сталиндік) репрессия кезеңін сипаттайтын тарихнама термині. 1937 жылдың басында КСРО ішкі істер орындары «антисоветтік элементтер» мен «жекелеген контрреволюциялық контингенттерді» жоюды көздейтін кең ауқымды қимылдар жасауды бастап, бұл 1938 жылдың қараша айына дейін жалғасты. Қуғын-сүргінге советке қарсы белсенді әрекет еткендер – бұрынғы кулактар, фашистік, лаңкестік және бандалық құрамалардың мүшелері, советке қарсы партиялардың мүшелері, бұрынғы ақгвардияшылар, шенеуніктер, жазалаушылар, қылмыскерлер – ұшырады. Сондай-ақ антисоветтік бүліншілік жұмысын жүргізіп жатқан түрмедегі, лагерьдегі, еңбек кенттеріндегі осындай адамдар да тұтқынға алынуға, атылуға тиісті болды.

Совет билігі қасақана ойдан көптеген терминдер шығарды. Бұл сөздер өздерінің тілдік мағынасынан алшақ мәнде қолданылды. Ондай сөздерге банды, халық жауы, қашып көшушілер, басқыншылық (басмачество) т.с.с. жатады.

«Халық жауы» деген сөз – тура мағынасында өте жағымсыз реңдегі сөз. Алайда, Совет өкіметі зұлмат кезеңінде халық достарын, халық жанашырларын осылай атауға мәжбүр еткен, бұл – большевиктік-сталиндік режимнің «антисоветтік», «контрреволюциялық», «ұлтшылдық» және/немесе тіріліктің түрлі салаларында басқа әрекеттер жасады деген күдік туғызған және/немесе айыпталған адамдардың көзін жою, қоғамнан

оқшаулау және халық алдында моральдік кінә тағу мақсатымен саяси қуғын-сүргінге түсіру үшін қолданған термині болған.

Банды сөзінің тура мағынасы – жол торып тұтқиылдан шабуылдау, тонау, елді үркітіп-қорқыту жолымен күн көру үшін ұйымдасқан қарақшы қылмыстық топтың атауы. Ал Совет өкіметі отарлау саясатына қарсы шығып, қолына қару алып елі мен жерін, туған өлкесін, ауылын, әулетін, ағайын-туысқандарын қорғағандарды, азаттығы үшін басқыншыларға қарсы күресушілерді жағымсыз бейнесін тудыру үшін осылай атаған.

Басмашылдық деген сөз – түркінің басқыншы, *басып алушы, шапқыншы* деген сөздерімен мағыналас сөз. Советтік зұлмат кезеңінде оларды Ресей өкіметі осы мағынасында көрген, елге солай көрсеткен. Ал, шын мәнінде, бұл күрес Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігінде Совет өкіметінің отаршылық, атеистік саясатына қарсы ұлт-азаттық күресі еді. Совет тарихнамасында басмашылық Совет өкіметіне қарсы шетел интервенциясы ұйымдастырып, жетекшілік ететін айқын клерикалдық, өркениетке қарсылық, бүліншілік қозғалысы ретінде бағаланады.

Зұлматтың объективті түрде болатын табиғи зіл-зала, топан су, өрт сияқтылардан айырмашылығы субъективті сипатында, яғни, адамдар қолымен істелуінде. Советтік репрессия да осылай жасалған зұлмат еді. Бұл зұлмат тілімізде таңба болып қалды. «Тілде бәрі сақталады, тіл ештеңені ұмытпайды» (М. Хайдеггер).

Советтік зұлматтың бейнесін беретін басқа көптеген атау мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер бұл жолы қамтылмады, оларды түгендеп зерттеу, сөздіктер түзу – алдағы міндет.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» №456 жарлығы.
2. Павловская А.В. Этнические стереотипы в свете межкультурной коммуникации. – Москва: Просвещение, 1998.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. X том. – Алматы, 2011.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. VII том. – Алматы, 2011.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XIV том. – Алматы, 2011.

МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІ ҰЛТТЫҚ СИПАТТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сая Итегулова,

филология ғымдарының кандидаты

Мектептің білім беру жүйесіндегі басшылыққа алынатын негізгі құралы – оқулыққа артылар жүк ауыр. Өйткені бұл басты кітапта пәннің мазмұны баяндалып қана қоймай, оқушыларға алғашқы ғылыми түсінік беріледі. Оқулықтың алдын ала жоспарланып, бекітілген оқу бағдарламасына, оқытудың дидактикалық талаптарына, оқыту мақсатына сай келуі оған қойылатын басты міндеттердің бірі.

Оқулыққа қойылатын педагогикалық талаптардың қатарында оқу материалдарының қазіргі ғылым мен технологияның дәрежесіне сәйкес баяндалуы да бар. Демек, оқушылар белгілі бір арнаулы саланың негізгі ұғымдарын білдіретін ғылыми терминдермен алғаш рет оқулықтар арқылы танысады.

Мектеп оқушылары жас ерекшеліктеріне сәйкес ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің сан түрлі салаларын, ондағы деректі және дерексіз ұғымдардың атауларын, яғни салалық терминологияны игере бастайды. Сондай-ақ оқулықтарда бір-бірімен іргелес салаларға бірдей қызмет ететін салааралық терминология да кездесіп жатады.

Мектеп оқулықтарының басым көпшілігінде назардан тыс қалып келе жатқан мәселенің бірі – оқулықтардағы терминдердің берілу жағдайы. Атап айтқанда, «Оқулықтардағы мамандар тарапынан ұсынылып жүрген терминдер оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келе ме? Баламалы терминдерді беруде терминге қойылатын талаптарға мейлінше сәйкес келетін нұсқаны сұрыптап, таңдап алу үдерісі сақталған ба? Әр сынып оқулықтарындағы салааралық терминдердің, тіпті салалық терминдердің дефинициясы бірдей формаға немесе жүйеге келтірілген бе?» деген сұрақтар туындайды.

Филология ғылымдарының докторы, жетекші терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы «Оқулықтарға енетін терминдерді іріктеу мен қолдану мәселесі» атты мақаласында мектеп оқулықтардағы терминдер қолданысының, оларды оқулыққа енгізудің жай-күйі көңіл алаңдатарлық екенін, ретке келтіруді қажет ететін, ойласатын тұстардың аз емес екенін нақты мысалдар арқылы санамалап берген еді. Ғалым әсіресе бастауыш сынып оқушыларына олар мәнін толық түсіне алмайтын күрделі терминдерді үйіп-төгіп берудің пайдасынан гөрі тигізер зияны көбірек екенін айтқан-ды. Оқулықтарда тілде

әлі толық орныға қоймаған жаңа атаулардың да аз ұшыраспайтынын, мектеп оқулықтарында неологизмдер мен жаппай қолданысқа енбеген жаңа терминдердің шектен тыс көп қолданылуы белгілі дәрежеде қиындықтар туғызатынын айта келіп, «мектеп оқулықтарына негізінен ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдердің енгені жөн. Оқулық авторларының бұған баса мән бергені абзал...» деп тұжырымдаған болатын [1].

Осы жерде біз басты тақырыбымыздан сәл шегініс жасап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы айта кеткенді жөн көрдік. Баспасөз беттерінде, оқулықтар мен кітаптарда Терминология комиссиясында мақұлданбаған терминдерді қолдану жиі байқалады. Бұның бір себебі аталмыш комиссияның заңдық күші жоқтығына барып тіреледі. Ал екінші жағы бекітілген терминдердің жұртшылыққа жеткілікті деңгейде насихатталмауынан да туындайды.

Осы кемшіліктерді жоюдың бір тетігі ретінде «termincom.kz» сайтында терминтану ғылымының бүгінгі ахуалы мен терминжасамның басты қағидалары бойынша көпшілікке ақпарат беруге арналған электрондық алаң іске қосылған болатын.

2021 жылы электрондық алаңның мазмұны жетілдіріліп, қазақ терминологиясының қордаланған тағы бір мәселесін шешу мақсатында «Мектеп терминологиясы» бөлімі ашылды. Бұл бөлімге 2254 термин енгізілген. Терминдер тізбесін жасау барысында «okulyk.kz» сайтында орналасқан мектеп оқулықтарында берілген глоссарийлер төмендегі пәндер бойынша сүзгіден өткізілді. Олар:

- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- Биология
- География
- Геометрия
- Дүние жүзі тарихы
- Дүниетану
- Жаратылыстану
- Информатика
- Көркем еңбек
- Қазақ тілі
- Қазақ әдебиеті
- Қазақстан тарихы
- Математика
- Музыка

- Физика
- Химия

Оқулықтардағы терминдер аталған пәндер бойынша әліпбилік тәртіпте берілген. Терминдердің реттік нөмірі қойылып, әр сыныпқа бөлініп көрсетілген, дефинициясы ашылған [2].

Терминдердің дефинициясын ашу тұрғысынан оқулық авторларының пәнаралық байланысқа аса мән бермегендігі байқалады. Мәселен «астрономия» термині мен дефинициясы 2 сыныптың дүниетану, 1, 5 және 6 сыныптардың жаратылыстану оқулықтарында кездеседі [3].

Термин атауы	дефинициясы	пәні	сыныбы
Астрономия	аспан денелері, олардың құрылысы, қозғалысы туралы ежелгі ғылым	Жаратылыстану	1
	Күн, Ай, Жұлдыз сияқты аспан денелерін зерттейтін ғылым	Дүниетану	2
	аспан денелерін зерттейтін ғылым. Мысалы, жұлдыз, астероид және планеталар	Жаратылыстану	5
	аспан денелерінің және аспан жүйесінің пайда болуын, қозғалысын, орналасуын, құрылысын зерттейтін Ғалам туралы ғылым	Жаратылыстану	6

Көріп отырғанымыздай, терминнің дефинициясын беруде оқушылардың жас ерекшелігі ескерілмеген. Бірінші сыныптағы дефиниция екінші сыныптағыға қарағанда күрделі. Одан басқа «егер оқушы бірінші сыныптан бастап бұл терминмен таныс болса, алтыншы сынып оқулығының глоссарийіне енгізудің қажеттілігі қандай?» деген сұрақ туындайды.

Бірінші сыныптарға арналған Дүниетану оқулығында «эмоция» терминінің дефинициясын бір ғана «сезім» сөзімен берсе, осы пәннің үшінші сыныпқа арналған оқулығында «триумф» сөзінің дефинициясын «даңқ» деп қорыта салады. Ал 11 сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында «шаруа» терминінің дефинициясын «қатардағы көшпелі-малшы» деп береді. Бұл мысалдардан оқушылардың жас ерекшелігі ескерілмегенін былай қойғанда, терминнің анықтамасының өзі ашылмағанын көреміз [3].

Мектеп оқулықтарында қолданылып жүрген терминдердің ішінде Тер-

минология комиссиясында мақұлданған, қолданысқа тым тәуір еніп кеткен нұсқасының болуына қарамастан игерілмей берілген терминдердің жиі кездесетіндігін байқадық. Бұған 4 сыныптың Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқулығынан бірнеше мысал келтіруді жөн көрдік. Оқулықта видеоадаптер, пароль, презентация түріндегі терминдер кездеседі. Адаптер термині 2015 жылдан бері бейімдеуіш болып қолданылып келеді. Оқулық авторы видеобейімдеуіш түрінде алса, кірме термин ұлттық танымымызға бір табан жақындар еді. Ал пароль – құпиясөз, презентация – таныстырылым түрінде жалпы қолданысқа еніп кеткелі де біраз уақыт болды [3].

№	Оқулықтағы термин	Пәннің аты, сыныбы	дефинициясы	Бекітілген нұсқасы Бекітілген жылы
1.	Видеоадаптер	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 4 сынып	процессордан немесе есте сақтау құрылғысынан мониторға келіп түсетін ақпаратты өңдеу үшін қолданылатын ішкі құрылғы	Адаптер – бейімдеуіш, 2015 жыл
2.	пароль	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 4 сынып	қолданушының өзі туралы ақпаратты растауға арналған құпия сөзі немесе таңбалар жиынтығы	Құпиясөз, 2018 жыл
3.	презентация	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, 4 сынып	баяндама, жобаны, есеп беруді қорғау, жұмыс жоспарын көрсету және дайын ақпараттармен бөлісу	Таныстырылым, 2016 жыл
4.	модернизация	Дүниежүзі тарихы, 9 сынып	(франц. жаңғырту) артта қалған елдердің алдыңғы қатардағы елдердің деңгейіне жетуге бағытталған мемлекеттік саясаты	Жаңғырту, 2000 жыл

5.	Модернизациялау	Қазақстан тарихы, 9 сынып	нысанды жаңалау, жетілдіру, оны жаңа талаптар мен нормаларға, техникалық жағдайларға, сапалық көрсеткіштерге және т.б. сәйкестендіру	Жаңғырту, 2000 жыл
6.	Миграция	Қазақстан тарихы, 9 сынып	бір жерден екінші жерге көшу, қоныс аудару	Көші-қон, 2016 жыл
7.	Диверсификация	Дүниежүзі тарихы, 10 сынып	жаңа салаға (номенклатуралық өнімдерді, көрсетілетін қызмет түрлерін т.б. ұлғайту) шаруашылық әрекеттерді тарату	Өртарاپтандыру, 2018 жыл
8.	дискриминация	Дүниетану, 4 сынып	құқыққа шек қою немесе құқықты жою саясаты	кемсіту, 1995 жыл, 2018 жыл
9.	дефицит	Дүниежүзі тарихы, 11 сынып	бағалардың өз құнынан төмен кезеңіндегі сұраныс көлемінің ұсыныстан артық болуы	Тапшылық, 1971-1981 жылдар дефицит бюджета - бюджет тапшылығы, 2017 жыл

Мектеп терминологиясы бөліміне енгізілген терминдерді зерделеу барысында терминдердің басым көпшілігі кірме терминдер екенін байқадық. Бұл терминдер орыс тілінің заңдылықтарына сүйене отырып алынған. Орыс тілі делдал тіл ретінде қызмет атқарып, цитаталық принциппен тілімізге сіңіп кеткен терминдерді игерілген терминдер дей алмайтынымыз анық. Бұл мәселе төңірегінде өткен ғасырдың басында Алаш зиялылығынан бастап кейінгі тілші ғалымдарға дейінгі бірнеше толқын сан мәрте айтқанымен әлі күнге шешімі табылмай келеді. Профессор Н.Уәли: «Кеңестік тоталитарлық саясаттың салдарынан қазақ тілін тұтынушылардың санасында кирилл жа-

зуына негізделген қазіргі қазақ әліпбиінде орыс тілінен енген кірме сөздерді еш өзгеріссіз қабылдау және өзіндік айтылым нормасына бейімдемеу сияқты теріс стереотиптердің қалыптасуына себеп болды... Өзге тілден енген кірме сөздердің ұлттық мәнеріне бейімделудің тілдік тетігі (механизмі) көптеген жылдар бойы сыртқы тілдік емес факторлардың күші арқылы тежеліп отырды» деп атап өткен болатын [4]. Оқулықтардағы терминдерді сараптау барысында авторлардың осындай таптаурыннан арылмағанын байқадық.

Қорыта айтқанда, мектеп терминологиясын А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров сияқты Алаш қайраткерлерінен бастау алып, бүгінгі жетекші терминологтар ұстанған терминжасам қағидаттарының негізінде дамытқан дұрыс деген пікірдеміз:

біріншіден, оқулықтарда қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану арқылы қалыптасқан ұлттық термин-қорымызды қолдану;

екіншіден, көршілес халықтарының бәріне сіңісті болған кірме терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне сай икемдеп алу;

үшіншіден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының тарапынан бекітілген терминдерді пайдалану;

төртіншіден, терминдердің дефинициясын ашу тұрғысынан пәнаралық байланысқа аса мән беріп, оқушылардың жас ерекшелігін ескеру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Оқулықтарға енетін терминдерді іріктеу мен қолдану мәселесі // «Білім беру ресурстарын жетілдіру: тәжірибе және болашағы = Модернизация образовательных ресурсов: опыт и перспективы = Modernization of educational resources: experience and perspectives» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (18-19 сәуір, 2019 ж.) / ред. – С.К.Омарова. Нұр-Сұлтан: «Оқулық» РҒПО, 2019. – 471 б. (қазақша, орысша, ағылшынша)

2. <https://termincom.kz/>

3. <https://www.okulyk.kz/>

4. Уәли Н. Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткіжайттардың басымдылығы // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы А., Арыс, 2007. – 410б. 179б.

ШЕТТІЛДІК ПРЕФИКСТЕР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТЕРМИНДЕРДІҢ МОҢҒОЛ ТІЛІНДЕ ИГЕРІЛУІ

Нүрзия Әбдікәрім,

Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері, ф.ғ.к.

Тілдің табиғи қалпын, әуезділігін, үйлесімділігін сақтаудың маңыздылығы – қазіргі уақытта жиі айтылып жүрген мәселенің бірі. Алаш зиялыларының осы мәселеге қатысты ұстанымдары қабылданып, іске асырылған болса, тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдылықтарына сай келмейтін терминдердің орнығып қалуына жол берілмес еді. Мысалы, Н.Төреқұлов жат тілден сөздерді қабылдауда «тіліміздің негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жіберуі де бар» [1, 11-12], сондықтан ондай сөздердің өзгеру заңын табу қажет, ол кезегінде тілдің баюына жол ашады деген ұстанымда болған. Бұл сол кездегі ұлтымыздың, тіліміздің ертеңін ойлаған алдыңғы қатарлы Алаш зиялыларының ортақ ұстанымы еді. Алайда КСРО құрамында болған елдердің егемендігіне ғана емес, тілі мен діліне салынған бұғаулық, супертілдік анархия, орыс тілінің заңдылықтары тілімізде, тілдік санада үстемдік құрып келді. Соның салдарынан қазіргі уақыттың өзінде мемлекеттік тілде белгілі бір термин қабылдау барысында оның орыс тіліндегі баламасына қарайлай беретін жалтақтықтыңтан арыла алмай келеміз. Осы орайда академик Ш.Құрманбайұлының «Әртүрлі тілдердің термин жасауда ұстанған бағыттары, терминжасам тәжірибелері оларда біздегідей халықаралық терминдер деп аталатын аударуға, ұлт тілінің ерекшелігіне сәйкес өзгертіп жазуға болмайтын айрықша мәртебесі бар «киелі» сөздер тобының қалыптасқанын көрсетпейді» [2, 16-17] деген болатын. Ғалым бұл ойын моңғол тіліндегі шеттілдік префикстер арқылы жасалған терминдердің аударылу тәжірибесі негізінде тұжырымдаған. Ендеше біз осы мақаламызда термин сөздердің алдына қосылатын, жалғамалы тілдердің табиғатына жат халықаралық префикстердің моңғол тілінде қалай игерілгеніне тоқталмақпыз.

Қазақ және моңғол тіл білімінің тарихында терминология комиссияларының құрылуы және жат тілден термин қабылдау мәселесі XIX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында талқыға түсті, уақыт тұрғысынан жуықтас келеді. Моңғол терминшілері сол жылдары өз тілдерінің табиғатына негізделген қағидаттарды іріктеп алып, оның бірден іске асырылғандығын аңғарамыз, нәтижесінде терминдерді ана тілінің топырағында түлетуге мүмкіндік алды. Соның арқасында қазіргі моңғол тілінде шет тілдерден аудару тәсілімен

жасалған терминдер: 1) сәйкестендіріліп аударылған терминдер – 7%; 2) түсіндіру арқылы аударылған терминдер – 7%; 3) қарыздалған терминдер – 16%; 4) мағынасы сақталып аударылған терминдер – 35%; 5) калькаланған терминдер – 37%-ті [3, 210] құрайды. Яғни моңғол тілінің барлық терминдерінің 16 проценті ғана шет тілінен дайын қалпында енген *материалдық кірме терминдер* болып табылады, оның өзі моңғол тілінің әуезі мен дыбыстау ерекшелігіне сәйкестендіріліп қолданылады. Мысалы, *химия, физика, астрономия* т.б. пән атаулары *хими, физик, астрономи* ретінде жазылып, [hīm], [fizik], [astyr^nom] ретінде айтылады. Өйткені моңғол тілінде екпін бірінші буынға түсетіндіктен шет тілден енген сөздер де осы заңдылыққа бағынады деген қағидат бар.

Қазақ тілінде *ал, бей* деген санаулы префикстер болғанымен, бұлардың жалғамалы тілдердің табиғатына жат екендігі белгілі. Моңғол терминдерінің лексика-семантикалық үдерісі мен деривациясын арнайы қарастырған Ц.Пюрбеев «За относительно короткие сроки современный монгольский язык сумел синтезировать большое количество специальных терминоэлементов, успешно приспособив их к словообразовательным нуждам национальной терминологии» дей келіп, шет тілдерінің терминдік дайын стандарттық бөлшектерін моңғол тілінде қандай сөздермен алмастырылғаныдығын көрсетеді. [4, 103-106]. Осы еңбектегі префикстердің қазақ тіліндегі сәйкес тұлғаларын салыстырып көрейік.

№	Шеттілдік префикстер	Моңғол /қазақ тілінде	Мысалдар	Қазақ тіліне сөзбе-сөз аударылуы
1.	сверх-, пере-, гипер-, супер-ультра-, архи-	хэт/тым, аса, шамадан тыс	хэт ашиг (сверхприбыль)	аса (...) пайда
			хэт хүчдэл (перенапряжение)	(шамадан) тыс қысым
			хэт ихэсгэл (гипербола)	тым зорайту
			хэт даралт (гипертония)	аса (жоғары) қысым
			хэт хуралдуур (суперцентрифуга)	тым (көп) жинақтаушы
			хэт бичил бүтэц, хэт ягаан (ультрамикроструктура, ультрафиолетовый)	тым кіші құрылым, тым күлгін
			хэт харгис (архиреакционный)	тым жауыз

2.	син-, кон- ком-, ко-	хам/ бірге, бірдей	хам цаг (синхрония) хам тусал (синергизм) хам гарал (сингенез) хам үүрэгтэй (синкретический) ижил утгат үгс (синоним) хам бүтэц (конструкция) хам үг (сэдэв) (контекст) хам хоршоолол (комбинированный кооператив) хам үйлдэх тийн ялгал (комитативно-орудинный падеж) хам гэрээ (конвенция)	бірге/белгілі сағат, бірге дөп (келу), бірге шығу (төркіні), бірге міндетті бірдей мағыналы сөздер бірге құрылым бірге сөз (тақырып) бірге қосарлық кооператив бірге атқаратын септік бірге келісім
3.	под- суб-	дэд/ екінші, кіші, орын- басар	дэд өртөө (подстанция), дэд район (подрайон), дэд хурандаа (подполковник), дэд нийлц (субсинтагма)	кіші өртең, шағын аудан, көмекші полковник, кіші қосылыс
4.	транс- пере-	дам/ жалғас, сел- бес, арқылы	дам суулгавар (трансплантант) дам халдвар (трансмиссивная инфекция) дам (дамын) худалдаа (перепродажа, спекуляция)	жалғас(тырып) отырғызу (...) арқылы жұғу (жең ұшынан) жалғастырып сату
5.	микро-	бичил/ титтей, тітімдей	бичил харуур (микроскоп) бичил гадаргуу (микрорельеф) бичил бүтэц (микроструктура)	титтей қарағыш тітімдей сыртқы (жағы) титтей құрылым
6.	макро-	үлэмж/ үлкен, дәу, нән, алып	үлэмж бүтэц (макроструктура) үлэмж гадаргуу (макрорельеф) үлэмж нэвтэршил (макропроницаемость)	өте үлкен құрылым тым үлкен сыртқы (жағы) тым (тез) сіңуі

7.	моно-	ганц /жал- ғыз, бір	ганц сэдэвт зохиол (монография) ганц этгээ- дийн үг (монолог)	бір тақырыпты шығарма жалғыз адамның сөзі бір мағыналы
8.	нео-	шинэ /жаңа	шинэ үг хэллэг (неоло- гизм) шинэ сийвэн (неоплаз- ма) шинэ хэл шинжлэл (неолингвистика) шинэ хөрөнгөтний ёс/ шинэ капитализм (неокапита- лизм)	жаңа сөз айтылыс жаңа плазма жаңа тіл зерттем жаңа капитализм
9.	авиа-	нисэх /ұшу	нисэх тээвэр (авиатранспорт) нисэх шугам (авиалиния) нисэх зам (авиатрасса)	ұшу көлік (-ігі) ұшу сызық(-ығы) ұшу жол(ы)
10.	аэро-	агаар/ ауа	агаар судлал (аэрология) агаарын онгоц (аэро- план) агаарын эмчилгээ (аэротерапия) агаарын буудал (аэровокзал)	ауа зерттеу ауаның ұшақ (ауаның ұшағы) ауаның емдеу (і) ауаның тұрақ (ауа-лық тұрақ)
11.	анти-, контр-, об- (оп-)	эсрэг /қарсы	эсрэг төрөгч (антиген), эсрэг бүлгийхэн (оппо- зиционеры) эсрэг атак/довтолгоо (контратака) эсрэг цохилт (контрудар)	қарсы туушы қарсы топтікі қарсы шабуыл қарсы тойтарыс

Кесте. Шеттілдік префикстердің моңғол тіліндегі көрінісі және қазақ тіліндегі сәйкестігі

Сонымен қатар нысанаға алынып отырған еңбекте *дахин* (қаз. қайта), *хагас* (қаз. жарты, жартылай), *хоорондын* (қаз. арасы, арасындағы), *ус* (гидро, қаз. су) тәрізді орыс, грек, латын тілдерінің префикстермен жасалған терминдеріндердің моңғол тіліне аударылуы көрсетілген. Бұлардың көпшілігі септеуліктер болып келеді және қазақ тілінде (переобработка – дахин боловсруулау – қайта өңдеу, гидроэнергоресурсы – усан эрчмийн нөөц – су энергетикасы қоры т.б.) жартылай болса да аударылады.

Ал жоғарыдағы кестеден шеттілдік префикстер моңғол тілінің үстеулері, септеуліктері, есім сөздері арқылы аударылып, ұлттық терминжасам қоржынын толықтыратындығын байқауға болады. Кестеде префикстерді алмастырған сөздердің және олар арқылы жасалған терминдердің қазақша баламасы да көрсетілді. Егер де қазақ тілінде *микро-* префиксін *титтей*, *тітімдей* деп терминдік тіркес ретінде қолданатын болсақ, қарабайырлыққа ұрынды деп қарсылыққа ұшырайтынымыз сөзсіз. Және де бұл префикстер моңғол тілінде шетел тіліндегідей бірге жазылмайды. Қазақ тілінде терминнің құрамындағы сөздердің саны, көлемі орыс тіліндегіден ұлғайып кетсе, термин болуға жарамайды деген түсінік бар сияқты, мысалы, *монография* немесе *неолингвистика* терминін «бір тақырыпты шығарма», «жаңа тіл таным» деп атайтын болсақ, «*монография*» мен «*неолингвистика*» ұғымдары барлық көркемдігінен айырылып қалатындай күйге түсеміз. Мұның барлығы, біздің ойымызша, сананың тәуелділігінен. Шеттілдік терминдерді қабылдауда төл тіліміздің мүддесінен гөрі түпнұсқа тілдің «көркемдігін» (айтуға оңайлығы, қысқалығы және т.б.) көбірек ойлап кететін салттан арылуымыз керек. Әрине, қазақ және моңғол тілдері төркіндестігі жағынан және жалғамалы типі бойынша ұқсас болғанымен, олардың бір-біріне қабыспайтын ішкі заңдылықтары болады. Мысалы, моңғол тілінде түркі изафеті жоқ, сондықтан авиатрасса (*моңғ.* нисэх зам), аэротерапия (*моңғ.* агаарын эмчилгээ) тәрізді терминдер қазақша *ұшу жол*, *ауаның емдеу* ретінде аударылмасы сөзсіз. Алайда *ұшу жолы*, *ауамен емдеу* ретінде ана тіліміздің заңдылығына сәйкестендіруге болады. Егер термин қабылдау тілдің ішкі заңдылығына сәйкес жолға қойылатын болса, тіл өзі қалыптастырған семантикалық ұя үлгісімен терминдерді туындата беретін қуатты көзге айналады. Соның үлгісі ретінде жоғарыда моңғол тілінің *дэд* (кіші, екінші деген мағынаны білдіретін) үстеуі мынадай терминдердің туындауына себепкер болғандығын көруге болады: *дэд гарчиг* (екінші тақырыпша), *дэд дэвтэр/дэд боть* (екінші дәптер/екінші том (туындының)), *дэд ерөнхийлэгч* (вице-президент), *дэд жанжин* (орынбасар немесе көмекші қолбасшы) [5] және т.б.

Сөз соңында айтарымыз, тіліміздің көркемдік қалпын, тазалығын сақтау үшін «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» өзге тілдердің емес, табиғаты ұқсас тілдердің терминжасау тәжірибелері де ескерілгені дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Төркүлұлы Н. Жат сөздер туралы. Астана, 2006. 72 бет.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928+16 жапср.б.
3. Мөнхцэцэг Н. Нэр томъёоны орчуулга судлал. – Улаанбаатар, 2020. – 425 хуудас.
4. Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология (лексико-самантические процессы и деривация). – М.: Наука, 1984. – 122 стр.
5. <https://mongoltoli.mn/search.php?opt=1&word=%D0%B4%D1%8D%D0%B4>

КІРМЕ ТЕРМИНДЕРДІҢ БАЛАМАСЫН ТАБУДА ЕСКЕРІЛЕТІН МӘСЕЛЕЛЕР

Ерболат Асылбеков

*«Павлодар педагогикалық университеті» КеАК
әкімшілік департаменті құжат айналымы және бақылау
бөлімінің мемлекеттік тіл жөніндегі маманы*

*Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жанышып
кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ.
(А. Байтұрсынұлы)*

Кірме сөздер – қазіргі заманғы сөздік қорымыздың негізгі құрамдас бөлігі. Осы кірме сөздердің қоры тілімізде жыл өткен сайын артып келеді. Бұл құбылысты әр салада байқауға болады. Заман орнында тұрмайды, түрлі кәсіптің, өндірістің, мамандықтың пайда болуына қарай жаңа сөздер де құралады. Кірме сөздердің көп болуы осыған тікелей байланысты. Шет тілінен келген сөз біздер ойланып, толғанып болғанша орыс тіліндегі баламасы арқылы қолданысқа еніп те кетеді. Өндіріс орындарында терминологияны арнайы зерттеп, мағынасын толық ашатын сөздерді іздестіріп, ұтымды баламасын ұсынатын мамандар сирек кездеседі. Аты айтып тұрғандай, өндіріс орындары өнімнің шығуына, өзіндік құнын ақтауына, тасымалдауға, қаржылық, кәсіпкерлер әріптестігіне, тұтынушыға бағытталуына басым назар аударады. Ал мемлекеттік тілдегі терминнің жазылуы жиі кезікпейді, кезіксе де орфографиялық қатесі байқалып қалады. Көп жағдайда ресми тілдегі кірме сөздердің қолданысын ғана көреміз. Өнеркәсіп саласындағы басқарушы, инженер қатарлы мамандар көбінесе ресми тілді ғана тұтынады, сондықтан шеттілдік сөздер сол қалпында қолданыла беруі ыңғайлы сияқты болып көрінеді.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде техникалық мамандықтарға мемлекеттік тапсырыстың негізінде білім алу мүмкіндігі беріліп отыр. Яғни жақын болашақта қазақтілді азаматтардың өндіріске тартылуының арқасында өнеркәсіп орындары қазақшаланады. Өйткені қазақ мектебін тәмәмдаған тұлға қазақша ойлайды, қазақша оқу орнын бітірсе, ертең жұмыс орнында да қазақ тілін қолданады. Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтсақ, «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар» [7]. Мемлекеттік терминология комиссиясы мемлекеттік тілдегі терминді бекіткенімен, оны қолданатын адам болмаса, қолданысқа енер-енбесі шешімі табылмаған мәселе ретінде қала

береді. Демек, кірме терминдерді, әсіресе шеттілдік терминдердің қазақша баламасын табу өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ терминологиясын дамыту жаңа серпін алды. Терминқор жыл сайын толықтырылып, қазақтың көне, төл сөздері түрлі ресурстар көзінде жарияланып, анықтамасымен бірге беріліп, түгенделіп жатыр. Бірақ кейбір азаматтар көнерген сөздерді қайта жаңғырту мәселесін құптамайды. Ондай пікірдегілер көнерген сөзді қолданбай-ақ жаңадан сөз ойлап табуды уәж етеді. Ескі сөз – жаңа сөздің қазығы. Ескі сөз негізінде жаңа сөздердің туындауы, тарих көшінің барысында ғасырлар қойнауында қалып қойған сөздердің жаңа заман ұғымдарының атауларына айналуы – тіл дамуында болып жататын табиғи үдеріс. Көнерген сөздер жазба ескерткіштер мен көне жыр-дастандарда, тарихи романдарда бастапқы мағынасында жұмсалса, көркем аудармаларда көбінесе олардың мағыналары кеңейіп-тарылып, жаңа, қосымша мағына үстеп қолданылады [3]. Ендеше көнерген сөздерді жаңғырту арқылы тіліміздің байлығын сарқа пайдаланып, ұлттық терминдерді қалыптастыруға болады деп есептейміз. Осы мақсатта кейбір шеттілдік терминдердің қазіргі қолданысын және сөздікте берілген нұсқасымен салыстырып көрдік.

«Компани-единороги» термині (ағылш. unicorn-companies), қарапайым сөзбен айтқанда, бұл – тез өсетін, 5 жылға дейінгі уақытта \$1 миллиард капиталдандыруға жететін стартап. Енді терминнің қазақ тіліндегі қолданысын қарайтын болсақ, «Бір типті», «Алпауыт» деген баламаларына тап боламыз. «Бір типті» термині шет тіліндегі мағынасына қаншалықты сай келіп тұр деген сұрақ туындайды. Біздің ойымызша, осындай кірме сөздердің қазақ тіліндегі баламасын толығымен мағынасын ашатын, терминге аз да болсын жақын сөздерден іздегеніміз жөн. Атап айтсақ, қазақ тілінде «Шалғам алпауыт» деп қолдансақ та болады. Шалғам – жеуге жарамды, көптеген елдерде өсірілетін көкөніс. Латын тіліндегі «radix» сөзі «тамыр» деген мағынаны береді. Жеуге тамыры жарамды, және тамыр қалыңдығы 3 см, сырты жұқа қызыл түсті болады. Шалғам ерте өсетін көкөністер қатарына жатады. Шалғам өте тез өсетіндіктен, оны аса үлкейтпей, жас кезінде тағамға жаратқан дұрыс. Құрамында қыша майының көптігінен өткір дәм береді. Жылы аймақтарда шалғамды жылына 2-3 мәрте егіп, өнім алуға болады [1]. «Компани-единороги» терминін тікелей аудармай, мағынасы жуық өсімдікпен келтірелік. Шалғам да тез өсетінін ескерсек және бір жағынан қазақтың сөзі де қолданыстан шығып қалмайды, сондай-ақ көнерген сөздер қатарына кетпейді. Шалғам алпауытта жұмыс істеймін. Мысалы, «Алшынбайдың әр стартабы – шалғам алпауыт болып шыға келеді» дегендей сөйлем қолданыста жүрсе, мән-мағынасынан көмескілік байқалмас еді.

«Вооруженность труда, техническая» – еңбектің техникамен қаруландырылуы деген терминнің баламасы ретінде кейбір сөздіктерде кездеседі. Осы терминді тікелей аудармай, мағынасына қарай сөзді қолданған жөн. Яғни термин «жабдықтандыру», «керекті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету» дегенді білдіреді. Дұрысы – еңбектің техникамен жарақтандырылуы. Кірме терминдердің кейбірін калька түрінде аудару беруден гөрі оларды қазақшалауда сөзжасам қағидаларын, терминнің табиғатын, сөздің қолданысын ескерген жөн. Терминнің қазақ тіліндегі баламасын ұсынған кезде, қазақ тілінде жазғанда, оқығанда, қолданғанда сол терминге қатысты ұғым сол саланың мамандарының «көзіне елестейтіндей» болуы керек. Мысалы, географияны оқыту әдістемесінде «географиялық картина» деген ұғым бар. Географиялық картина көру бейнесін береді. Ол карта мен географиялық сипаттауды толықтырады [2]. Бұл ұғымды терминжасамда да пайдалануға болады. Басқаша айтқанда, шеттілдік терминнің баламасын ұсынбастан бұрын, оның көрінісі қалай екенін елестетеміз. Алаш арыстарының бірі Халел Досмұхамедұлы: «Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздері ғылым жолына салынып реттелмеген тіл. Қазақ тілі ғылым жолына салынып реттелсе, ешбір жұрттың тілінен кем болатын емес, бұған илануымыз керек» [8] деп өткен ғасырдың басында айтқанымен, оны реттеудің жолы басқа арнаға бұрылып кеткендігінен төл тіліміздегі терминдердің 70%-ті шет тілдің ықпалымен жасалғаны жасырын емес. Сондықтан кірме терминдерге қазақтың көнерген сөздерінен сәтті балама табуға болады деген ойдамыз. Мәселен, экономика және қаржы саласында «дауншифтинг» термині қолданылады. Заңнамадағы қолданысы ешбір өзгеріссіз алынған. Дауншифтинг (ағылш. downshifting, қандай да бір процестің баяулауы немесе бәсеңдеуі) – бұл тұтыну философиясы және жоғары кірістен, табысты мансаптан өз еркімен бас тартатын адамның белгілі өмір салтын білдіретін жаргон-термин [10].

Дауншифтингтік өмір салты шын мәніндегі мынандай сипатта өрбиді:

- ең алдымен, жұмыстан шығу және тұратын орнын ауыстыру; егер дауншифтердің меншік тұрғын үй алаңы бар үлкен қаланың тұрғыны болса, онда ол пәтерін жалға беруді және өмір сүру деңгейі арзанырақ басқа орында осы аздаған ақшаға тұруды өз қалауы бойынша таңдайды;

- жұмысын және қызмет түрін толығымен ауыстырады; кейбір дауншифтер фрилансер болады, бірақ тек қана қалауы бойынша бос уақытында жұмыс істейді. Ал енді бір топ дауншифтер ақшаға қарағанда, рақаттану әкелетін және хоббиі болып табылатын өзінің шағын бизнесін ашады. Біздің ойымызша, мағынасын толығымен ашатын нұсқа «қоңыр күнкөріс», «қоңыр тіршілік». Бұл ұғым қазақ тілінде ертеден бар. Терминнің қазақ тіліндегі нұсқасы ретінде беру

арқылы ұлттық сөзімізге жаңа серпін беріп, қайта жаңғыртамыз. Қоңыр – қазақ халқында тұрмыс-тіршіліктің қарапайымдылығын, орташалығын білдіреді. Қоңыр күй, қоңыр тіршілік, қоңыр шаруа, қоңыр үй т.б. [4]. Дауншифтинг деп тілімізді сындырмай, қазақ тілінде бар сөзді қолданғанымыз жөн.

Кірме сөздерді қазақшаға икемдегеннің өзі жан-жақты пысықтауды, салыстыруды, нақты бір шешімге келуді талап етеді. Мәселен, адаптация к рынку – рынокқа бейімделу, договор – келісім-шарт, доказательство аудиторское – аудиторлық дәлдеме, заработная плата – жұмысақы, пенсия минимальная – минималь зейнетақы, провал на рынке – рыноктағы сәтсіздік, проспект – проспект, анықтамалық даңғыл, кредитор – алашақ, кредитор, санкции экономические – экономикалық жазалау шаралары, рычаг экономический – экономикалық тұтқа, собственность интеллектуальная – интеллектілік меншік, блокированный счет – жабылған шот және т.б. терминдерге қысқаша түсіндірме жасағанды жөн санап отырмыз. «Рынокқа» дегеннен гөрі «нарыққа» деп қолданған жөн. Бәлкім сөздік шыққан уақытта «рынок» термині өзекті болған да шығар. Бірақ аталған сөздікке дейін бекітілген өзге сөздіктерді негізге ала отырып, «нарық» сөзі қолданысқа енген және бұрын бекітілген термин деген тұжырымға келеміз. Келісім-шарт дегеніміз – «контракт», договор – шарт. Шарт термині 1978 ж. жылы бекітілген [9]. Демек, бұл бекітілген және бұрыннан қолданысқа енген термин. Салаға қатыстылығын ескере отырып, қызметімізде бірізділік қағидатын негізге алады ұмытпағанымыз жөн. Доказательство аудиторское – аудиторлық дәлелдеме, заработная плата – еңбекақы деп қабылдаған дұрыс. Экономика және қаржы саласында – жалақы, іс жүргізу және мұрағат ісінде – еңбекақы, жалақы деп бекітілген. Күнделікті қызметте «Еңбекақы» терминін қолданамыз; «жалақы» деген қолданысқа еніп кеткен термин болғанымен, анықтамасы бойынша ақысын алу үшін жалданып істейтін уақытша жұмыс. «Жал, жалдану, жалақы» деген эстетикалық жағынан тұрпайы тәрізді, өйткені әлі күнге дейін жалшылықтан арыла алмай жүрген ел сияқты көрініс тудырады. «Еңбекақы» термині заңнамада бар, осы сөзді қолданған жөн. «Минималь зейнетақы» деген қолданысты бұрын жаңалықтан, құжаттардан кездестірмедік. Ал «ең төменгі зейнетақы» термині қолданысқа жақсы енген және мағынасын толық ашып тұр. Біздің ойымызша, кейбір бекітілген терминдер қолданысқа енбей, сөздіктің бетінде ғана қалып қалуының себептерінің бірі халықтық сана қабылдамауымен және қолданысқа ыңғайсыздығынан болуы мүмкін. Сөздікте «провал на рынке – рыноктағы сәтсіздік» деп берілген екен. Осы термин «Экономика және қаржы» категориясында «нарықтағы сәтсіздік» деп бекітілген. Қазақ тіліндегі балама сөз тұрғанда, өзге тілдің сөзін сол қалпында қабылдау дұрыс емес. Сол сияқты кредитор – алашақ, кредитор. Кредитор – қарыз операцияларын жүргізуге қаржы нарығы мен қаржы

ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк. Алашақ (дебет) – бухгалтерлік есепшоттарының сол жақтағы бөлігі. Бухгалтердің есеп шоттарында шаруашылық операциялары екі қайтара жазу тәсілімен тіркеледі, бұл орайда олардың әрқайсысының сомасы бір мезгілде екі шот бойынша – бірінің дебеті, екіншісінің кредиті бойынша жазылады. Алашақ – аласы, алатын зат, нәрсе. Алашақтың басқа да мағынасы бар. Алашақ (Акцептор) – шалаөткізгіш ішінде валенттік аймақтан электронды тартып алуға қабілетті қоспалы атом. Яғни байқайтынымыз, «алашақ» сөзін кредиттор терминіне балама ретінде ұсынуға келмейді.

Санкции экономические – экономикалық жазалау шаралары. Экономикалық санкция дегеніміз сыртқы саясат пен қауіпсіздік саясаты негізінде әдеттегі сауда және қаржылық қарым-қатынастарды тоқтату. Санкциялар жанжақты болады (бір елмен толықтай сауда қарым-қатынасына тыйым салу, мысалы, АҚШ-тың Кубаға салған эмбаргосы) немесе мақсатты бола алады (нақты кәсіпорын, ұйымдар, жекелеген тұлғалармен қарым-қатынасқа тыйым салу). Бұл жерде «жазалау шаралары» дегеннен гөрі кірме терминді сол қалпында қалдырған жөн. Жазалау – наказание. Жазалау шаралары – меры наказания. Бір ел басқа елді, бір ұйым басқа ұйымды жазалай алмайды. Тек ықпал ету шараларын қолдануы мүмкін.

Рычаг экономический – экономикалық тұтқа. Тұтқа сөзі есікке қатысты қолданылуы орынды. Есік тұтқасы – ручка дверная. «Тұтқа» деп тікелей аудармай, басқа сөзбен келтіруге болар еді. Мысалы, тетік. Қаржылық тетік – финансовый рычаг, басқару тетігі – рычаг управления. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы туралы 1999 жылғы 28 тамыздағы № 73 өкімінде: «Осы Тұжырымдаманы іске асырудағы басты талаптардың бірі мемлекеттік жастар саясатының ұйымдастырушылық және экономикалық тетіктерін құқықтық жағынан қамтамасыз ету, бірінші кезекте – жас азаматтардың, жастар мен балалардың қоғамдық бірлестіктерінің қатысуымен өтетін түрлі қарым-қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу болып табылады делінген, яғни рычаг сөзі тұтқа емес, тетік ретінде беріліп тұр.

Собственность интеллектуальная – интеллектілік меншік [5]. Зияткерлік сөзі кеңінен қолданыста бар, сондықтан осы нұсқаны қолданған дұрыс. Мысалы: Назарбаев Зияткерлік мектебі, зияткерлік меншік құқықтары, зияткерлік меншік құқығы департаменті, зияткерлік меншік басқармасы.

Блокированный счет – жабылған шот [6]. Анықтамасына сәйкес шоттың жабылуын емес, бұғатталуын білдіреді. Жабылған десек, *закрытый*, «бұғат-

талған» деп ұсынсақ, ұғымның мәніне жақын баламаны бере аламыз. Бұл орайда біз сөздік құрастырушылардың еңбегіне құрмет көрсете отырып, кейбір терминдердің мәні мен нақты ұғымдық жағын қарастыра келгенде, әлі де пысықтауды қажет ететін терминдер бар деген пікір айтамыз.

Ал енді шеттілдік кірме терминдер баламасын көнерген сөздерден іздеу керек дегенге келер болсақ, көнерген сөздерді әбден зерделеп алған соң ғана терминге балама ретінде ұсынуға болады. Көнерген сөздердің ішінен қажетті баламаны таппаған жағдайда жаңадан сөз құрауға болады.

Қорытынды. Тіл байлығын сақтап қалу – еліміздің әр азаматының борышы. Кеңестік дәуірдің және қазіргі заманғы жаһанданудың салдарынан өзге тілдің жетегінде кетпей, өзіміздің ана тілімізге сүйіспеншілікпен қарап, әлі де қазақ тілінің көнерген сөзін қайта жандандыру қажет деп санаймын. Сонымен қатар жоғарыда атап өткендей, әр салада мемлекеттік тілдің қолданушысы болуы тиіс. Терминологтар шеттілдік кірме терминдерді белгілі бір дәрежеде көнерген сөздермен алмастырса, сала қызметкерлері өзінің қызметінде оны күнделікті қолданса, оқу орындары әлгі терминдерді кәсіптік пәндерден бөлек, қосымша немесе міндетті пән ретінде оқитын болса, мемлекеттік тіл қоғамның барлық саласында өз мәртебесіне көтеріледі деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://www.wiki.kkkz.nina.az/%D0%A8%D0%B0%D0%BB%D2%93%D0%B0%D0%BC.html>
2. В.П. Максаковский. Дүниежүзінің географиялық картинасы. 1-кітап. Дүниежүзінің жалпы сипаттамасы. Мәскеу, Дрофа, 2008, 4-басылым, 495 бет.
3. <https://qazaqadebieti.kz/4130/k-rkem-audarma-zh-ne-s-zdik-ram>
4. <https://abai.kz/post/39241>
5. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Экономика және қаржы/жалпы редакциясын басқарған п.ғ.д., профессор А.Қ. Құсайынова – Алматы: Республикалық мемлекеттік «Рауан» баспасы, 2000 – 344 бет
6. Орысша-қазақша қазіргі экономикалық терминдердің түсіндірме сөздігі. Н.Қ. Мамыров, А.О. Мұса, Е.Қ.Құдайбергенов, Ж.Ш. Әбішев, І.М. Төленов. – Алматы: Экономика, 1999. – 402 бет.
7. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. - Астана, 2017. - 740 б.
8. С. Нұрпейіс, М. Құлкенов., А. Мектепов., Б. Хабижанов. Халел Домұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы. Алматы, "Санат". 1996.
9. Ғ.Ғ. Мұсабаев (жалпы ред.) Орысша-қазақша сөздік. I том (А - О) Алматы: Қазақ СЭ бас редакциясы, 1978. — 576 б.
10. <https://www.e-xecutive.ru/wiki/index.php/>

ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ БУДАН ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Дина Қуантхан,

«Теміртау индустриалды-технологиялық колледжі» КММ

*«Құрылыс және коммуналды шаруашылық» бөлімінің
өндірістік оқыту шебері*

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, оны ғылым тіліне айналдыруда ұлт тіліндегі терминдердің үлес салмағы мен қолданысы басым болуы негізгі критерийлердің бірі болып табылады. «Термин» деген сөздің өзі латын тілінен аударғанда «шек», «шекара белгісі» дегенді білдіретіндіктен, кез келген тілдің арнайы мақсат үшін және түрлі кәсіби аяда қолданылатын сөздері бар. Ондай сөздер бір жағынан жасанды сияқты болғанымен, сол тілдің нәрінен қалыптасатындықтан, оларды сол тілдің лексикалық қабытындағы сөздер мен сөз тіркестерінің айрықша түрі деп түсінуге болады.

Ғылым мен білімнің, техника мен өндірістің, қоғамның кез келген саласындағы өзіндік ұғымдары мен түсініктердің терминдік жүйесі тілдік құралдар арқылы қалыптасады. Осы терминдер жүйесі ғылым тілінің негізгі арқауы болумен қатар, ғылым тілінің лексикасы тұрғысынан қарастырсақ, жалпы қолданыстағы сөздер, жалпы ғылыми сөздер, терминдік қабаттардан тұратындығын көреміз. Жалпы қолданыстағы сөздерге ғылыми мәтіндерде жиі кездесетін, жалпыға түсінікті ұғымдар, ал жалпы ғылыми сөздер көмегімен ғылым мен техниканың әртүрлі саласындағы ғылыми үдерістер мен құбылыстарды баяндау, сипаттау, дәйектеу және т.б. мақсатта кеңінен қолданылатын сөздер жатады; бұл сөздердің әрқайсысына тән ұғымдары бар, бірақ термин емес. Демек, ғылым тілінің немесе ғылыми мәтіннің стильдік ерекшелігін айқын аңғартып, оның күрделілік деңгейін (маманнан маманға бағытталғандығын) көрсетіп тұратын сөздер немесе сөз тіркестері – терминдер.

Кез келген тілдің лексикалық қорында терминдердің қалыптасу, жасалу жолында белгілі бір жүйе болады. Қазақ тілінде қалыптасқан терминдерді құрылымдық жағынан термин беруші тілдің семантикалық, грамматикалық, фонетикалық және орфографиялық ерекшеліктері еш өзгеріссіз сақталып, қолданылатын *материалдық кірме терминдер*; шетелдік терминдердің құрылысының көшірмесі болып табылатын *калька терминдер*, сонымен қатар кальканың бір бөлігі ғана (түбірі немесе қосымшалары) аударылып, шетелдік түбір немесе туынды сөздерге қазақ тілінің жалғау, жұрнақтары жалғануы

арқылы жасалатын гибрид немесе будан терминдер деген топтарға бөлініп қарастырылып жүр.

Негізінен, гибрид терминдер лексикалық құрамы бойынша сөздердің қосарлануы, сөздердің тіркесуі немесе бірігуі, қысқартылуы арқылы және де қабылдаушы тілдің қосымшалары жалғануы арқылы жасалатындығы белгілі. Олар кірме түбір немесе оның түрленген формасы төл тіліміздің қосымшаларын қабылдау немесе керісінше төлтілдік түбір, оның түрленген формасы кірме сөзформаларын қабылдау арқылы термин ретінде қалыптасады.

Сәулет-құрылыс саласының терминдерінің жасалуына талдау жасаған мақалада терминдерді «1) сын есім + зат есімді қосу арқылы пайда болған: сәулет жұмыстары; темірбетонды конструкциялар; мердігерлік ұйым ... және т.б. 2) күрделі объектіге ие: сәулет-құрылыс жұмыстары; апаттық-жөндеу жұмыстары; газдық дәнекерлеу машинасы; жол-монтаждау жұмыстары; ауа-газ қоспасы; бақ-саябақ өнері; құрылыс-техникалық құжаттар; 3) кесілген сын есімді: автожол жөндеу жұмыстары; темірбетон; техника- экономикалық көрсеткіш; электромонтаждау жұмыстары; 4) бір бөлігі символ болып келеді, оның айрықша белгісі «толықтай шарттылығы, жасанды қабылданғандығы және саналы түрде бекітілгендігі» болып табылады. Мұндай терминдерге жататыны: Г-пішімді баған; D-пішімді сабы бар күрек; ... Y-пішімді құбыр; автокөлік жолдарының Y-пішімді жанасуы; X-пішімді түйіспелік қосылыс» [1] деп көрсетеді. Мұнда құрылыс терминдерінің жалпы жасалу жолы көрсетілгенімен, төркіндік, я тілдік-грамматикалық құрылысы сөз болмаған.

Біздің мақаламазыдың мақсаты – құрылыс саласындағы будан терминдердің грамматикалық құрылысына талдау жасай отырып, олардың терминжасамдық әлеуетін анықтау. Будан терминдерге кальканың бір ғана бөлігі аударылып, қазақ тіліне тән жұрнақтар, жалғаулар жалғалғанып немесе шетелдік префикстер қосылып жасалатын сөздер мен сөз тіркестері жатады. Олар көбінесе *анти-, ультра-, макро-, микро-, суб-, супер, анти-, бей-, изо-, контр-* және т.б. шетелдік префикстердің төл сөздеріміздің алдында келуі арқылы жасалады. Ш. Құрманбайұлы бұларды қазақ терминологиясының құрамында жиі ұшырасатын грек-латын текті сөз жасаушы терминбөлшектер деп атайды және оның 35 түрін атап көрсетеді [2, 560-563].

Құрылыс саласының бекітілген терминологиялық сөздіктері қолжетімсіз болумен қатар моралдық жағынан ескірген сөздіктер де кездеседі. Сондықтан біз мақаламыздың материалдық дереккөзі ретінде құрылыс колледжінің білім беру бағдарламасында қамтылатын терминдерді және termincom.kz сайтында орналастырылған сәулет және құрылыс саласының 10613 терминін [3] пайдаландық. Қазақ тілі ғылым тіліне айналуы үшін және «... термин

қалыптастыру тәжірибесі ұдайы жүріп отыратын кәсіби-тілдік үдеріс. Оған сала және тіл мамандары атсалысады» [4, 71] деген пікірді ескере отырып, құрылыс саласының маманы ретінде тіліміздің ұлттық әрі заманауи сипатта дамуына үлес қосудан қалыс қалмас үшін бұдан терминдерді тандап алдық.

Сонымен, құрылыс саласындағы бұдан терминдердің қалай жасалатындығын топтастыру әдісімен талдап көрейік.

1. Шетелдік префикстер арқылы жасалған терминдер: *авто* – *автобаза*, *автозауыт*, *автоклав* (*автоқымшан*), *автотұрақ*, *автошығыран*, *автокөтергіш*, *автоағаштасығыш*, *автоматтандыру*, *автопісіру*, *автобекет*; *авиақұрылыс*, *ультрадыбыс*, *аэрограф*, *аэродинамика*; *биоүлдір*, *биополимер*, *биотоған*, *биосүзгі*.

2. Материалдық кірме терминдерге қазақ тілінің жұрнақтары жалғану арқылы жасалған бұдан терминдер: *а)* материалдық кірме терминдерге тікелей жалғану арқылы: *арматуралау* (*бетондау*), *газдандыру*, *роботтандыру*, *свабтау*, *аэрирлеу*; *мұнарлы кран*, *шиферлі шатыр*, *гидротехникалы құрылым*, *асфальтты бетон*, *газдыбетон*, *магnezитті цемент*, *аспалы сфера*, *саптамалы абсорбер*; *ақ пигмент бетондаушы*, *магниттік меридиан*, *материалдық қор*, *роботтық техника*, *роторлық экскаватор* (*bucket wheel excavator*), *фонтандық арматура*, *техникалық шарттар* (*күтім*), *типтік өлшем*, *техникалық база*, *цементпен қаптау*, *рульмен басқару*, *газбен жылыту*, *автоматтандырылған жобалу жүйесі*; *ә)* бір бөлшегі немесе сыңары термин шыққан түпнұсқа тілде, ал екінші сыңары қазақ тілінде беріліп, түрлі қосымшаларды қабылдап жасалған бұдан терминдер: *диаметр өлшегіш*, *кабель іздегіш*, *қозынды бетон*, *қозынды блок*, *қозынды-блок үй*), *бұрғылайтын станок*, *жартылай автомат* және т.б.

3. Түркі изафетінің I заңдылығы бойынша жасалған бұдан терминдер: (ілік септігінің түсіп қалуы арқылы изафеттік үлгіде жасалған, екінші сыңарына тәуелдік жалғауының III жақ жалғауы жалғанып жасалатын терминдер) *арматуралау жұмыстары*, *асбест цементі*, *газ пеші*, *газ-ауа қоспасы*, *газ құбыры*, *газ қоймасы*, *шеген диаметрі* (*диаметр арматуры*), *жол витумдары*, *Мавритан стилі*, *магистраль негізі*, *үй макеті*, *макет шеберханасы*, *бетон маркасы*, *аэросурет масштабы*, *материал сыйымдылығы*, *құрылыс машиналары*, *жиһаз материалдары*, *неон шамы*, *жөндеу цехы*, *спутник антеннасы*, *жылу изоляторы*, *щит аспабы* және т.б.; сонымен қатар түркі изафетінің III заңдылығы бойынша жасалған терминдер де ішінара кездеседі: *бетонның жасы* (*возраст бетона*), *магнит тілінің ауытқуы*, алайда мұның 1-сі тіркестегі омонимді ажыратуға, 2-сі тіркестегі сөздердің санының артуына байланысты ілік септігінің ашық шығып келуін талап етеді деп түсіндіруге болады.

4. Келесі бір топты құрайтын терминдер, түркі изафетінің II заңдылығы

бойынша, яғни екі зат есімнің (немесе зат есімдік топтың) бір-бірін анықтап, ешбір қосымшаларсыз қабыса байланысуы арқылы жасалған терминдер: қалқан паркет, металл шатыр, қара май бетон (деготь) және т.б. Бұлар терминдік еркін сөз тіркестері болып табылады. Осындай тәсілмен, бірақ жазуда олардың терминдік әлеуетін баса көрсету үшін бірге жазылатын терминдер де кездеседі: электрқозғалтқыш, электрбәрбі, электржабдықтау, энергиясыйымдылық, газжүргізгіш (газопровод), бетонтасығыш, бетонсындырғыш, бетонараластырғыш, шыныблок және т.б.

Сонымен қатар шеттілдік (1 сөзден жасалған) терминдер қазақ тілінде құрылымдық жағынан ұлғайып, будан термин ретінде көрініс табатындары да бар: батарея – бу *радиаторы*; сайдинг – қаптағыш *панель* (қорғағыш-декоративті тақта) және т.б. Келесі бір будан терминдер 3-тен жоғары сөзбөлшектеріннен құралып, қосарланған, күрделенген және қосымшалы сөздер ретінде берілген: армакөбікбетон (армопенобетон), мұнаралы биосүзгі, көшпелі бетонқоспалауыш, стационар бетонқоспалауыш, екісатылы биосүзгі, сатылы-лифттілі торап, шаршы шыныблок, тікбұрышты шыныблок, вакуумдық әйнектазартқыш, вакуум-эжектор агрегаты т.б. Байқағанымыздай, кейбір гибрид терминдердің тірек сөздері төркін тілінде сақталып, оның сан қилы күйін білдіретін ұғымдары ғана аударылып жасалған терминдер де бар. Мысалы, «анкер» термині *арматуралық, бұрғы, бұранда, гилзалық-сырықтық, гилзалық, мұқыл, гравитациялық, қағылатын, бұрандалатын, конус, ұштық, жердегі, керме, тартпа, сым, тісті, тікенді, тостаған, қабырғалық* деген сөздердің әрқайысымен тіркесіп келіп, өзіндік дефинициясы қалыптасқан терминдік ұғымдарды білдіреді. Ал олардың қазақ тіліндегі сөзбөлшегі қабысу тәсілі, түркі изафетінің I және III заңдылығымен немесе -лық, -атын, -ды типіндегі жұрнақтар арқылы берілген.

Қорыта келгенде, құрылыс терминдерінде шеттілдік префикстер арқылы жасалған будан терминдер шектеулі, көбінесе *аэро-, гидро-, био-* тәрізді салааралық терминдерге тән сөздің алдынан келетін бөлшектер қолданылады. Сөз болып отырған саланың будан терминдері материалдық кірме терминдерге немесе калькаланған кірме терминдерге қазақ тілінің *-лық/..., -тік; -лы/..., -ті; -ғы/..., -кі; -ғыш/...кі, -уыш/уіш; -ла+у, -т+та+у, -т+тан+дыр+у, т+тан+дыр+ған; -ла+йтын, да+у+шы* тәрізді жалаң, күрделі аффикстер және *көмектес септігінің* жалғауы жалғанып жасалады.

Түркі изафетінің I және II заңдылығы бойынша будан терминдер жасалу тәсілі өте белсенді, ал III заңдылығы бойынша жасалатын терминдер онша өнімді емес.

Будан терминдердің жасалымында белгілі бір дәрежеде бірізділік сақ-

талғаны жөн. Айталық, «бак» термині *тұндырғыш бак, бөлгіш бак, үрлеп шығарғыш бак* деген қатарларымен қоса *жібіту багы, езінді багы* (бак рас-трворный), *жиналма бак* деген тіркес терминдері де кездеседі. Біздің ойымызша, осы тіркестердегі *-ғыш* және *-ушы, -лік* типіндегі жұрнақтарды пайдаланылып, «бак» сөзінің негізгі тұлғасы сақталғаны дұрыс. Сонда *тұндырғыш бак, бөлгіш бак, үрлегіш бак, жібіткіш бак, езінділік бак, жинаушы бак* т.б. ретінде көрініс табады да, бір жағынан, терминнің жасалуында біршама бірізділік болады; екінші жағынан, қолданыста қиындық туындатпайды. Себебі аталған терминдік тіркестің кейбіреуі морфологиялық, кейбірі синтаксистік тәсілмен жасалған және олардың семантикалық жүгі де бірдей емес.

Біз сөз етіп отырған будан/гибрид терминдер ұлттық тілдің топырағынан жаралмаған, басқа тілден аударғанның өзінде шеттілдік сөздің/форманың (префикстердің) бір парасын сақтап тұратындықтан, оларды да кірме терминдер қатарына жатқызып, *аралас кірме терминдер* ретінде қарастырылған дұрыс сияқты. Өйткені олар тіл дамуының барысында калька терминге де ауысып кетуі мүмкін, ондай дублет терминдер тілімізде жарыспаы түрде қолданылып та жүргені белгілі. Сондай-ақ мұндай терминдердің шеттілдік бөлшегін тіліміздің фонологиялық заңдылықтарына бағындырып (тауар, автозауыт т.б. тәрізді) қолданудың да төл тіліміздің әуезділігі мен заңдылығын сақтауға пайдасы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аубакирова А.Е., Ауғанбаева М.С. Құрылыстық терминологияның ерекшеліктері // <https://articlekz.com/kk/article/33927>
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. - 928+16 жапсырма бет.
3. <https://termincom.kz/industry/?id=22&tid=1#page-601>
4. Сарқыт Ә. Термин қалыптастыру тәжірибесінен // Терминологиялық Хабаршы, №1 (62) 2022. – Б. 65-71.

МАЗМҰНЫ

РЕСМИЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 4 ҚАРАШАДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР.....	3
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 24 ҚАРАШАДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР.....	47
МЕМЛЕКЕТТІК ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 13 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ОТЫРЫСЫНДА БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР	80

ТІЛ – ТАРИХ

<i>Ж.Жақыпов.</i> Зұлмат кезеңнің бейнесін беретін атаулар.....	108
---	-----

МӘСЕЛЕ

<i>С. Итегулова.</i> Мектеп оқулықтарындағы терминдерді ұлттық сипатта қалыптастырудың кейбір мәселелері.....	114
<i>Н. Әбдікәрім.</i> Шеттілдік префикстер арқылы жасалған терминдердің моңғол тілінде игерілуі.....	120
<i>Е. Асылбеков.</i> Кірме терминдердің баламасын табуда ескерілетін мәселелер.....	126
<i>Д. Қуантхан.</i> Құрылыс саласындағы будан терминдердің жасалу ерекшелігі.....	132

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ш. Құрманбайұлы**
Жауапты шығарушы **С. Әбілмәжін**
Корректор **Н.Әбдікәрім**
Дизайнын жасап, электрондық нұсқасын дайындаған
С. Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сығанақ көшесі, 43,
Тел.: 8 (7172) 27-30-43
info@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні 18.12.2022 ж.
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 21.12.2022 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 11.2